

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік  
университеті

Садықов К.И., Ермебетов Ж.М.

ӘСКЕРИ НЫСАНДЫ КИІМІНДЕГІ АЙЫРЫМ  
БЕЛГІЛЕРІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Монография

Қарағанды, 2016

ӘОЖ 355/359 (035.3)

КБЖ 68

С 12

**Пікір жазғандар:**

П.Ғ.д., профессор

П.Ғ.к., доцент

Т.Ғ.к., доцент

Н.А. Мынжанов

Е. Т. Тусупбеков

Ж.А. Джумабеков

**С 12**

Әскери нысанды киіміндегі айырым белгілерінің шығу тарихы және даму кезеңдері: монография / Ғылыми басылым / Садықов К.И., Ермембетов Ж.М.. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2016. – 163 б.

**ISBN 978-601-7878-12-2**

Әскери нысанды киіміндегі айырым белгілердің қазіргі кезеңдегі қызметі – ол әскери атақтар мен әскер түрлерін ерекшелеп айыру үшін екені мәлім. Ал оның жылдан жылға өзгертілуінің мәні, қаншалықты әскер үшін маңызды және жалпы Қазақстан әскеріне қалай жетіп, қандай тарихи оқиға себепші болғаны жайлы осындай мәселенің төңірегінде монографияда талқыланады.

Бұл монография Бастапқы әскери дайындық мамандығының студенттеріне, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектептегі АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы сабақта қосымша көрнекті материалдар ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, әскери айырым белгілер аясындағы зерттеушілерге және қызығып жүрген, әрі ой өрісін кеңейтуші қарапайым оқырмандарға да арналған.

*Баспаға Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ғылыми кеңесі ұсынған*

ӘОЖ 355/359 (035.3)

КБЖ 68

**ISBN 978-601-7878-12-2**

® Садықов К.И., Ермембетов Ж.М., 2016

® Қарағанды мемлекеттік университеті, 2016

## Мазмұны

Кіріспе.....	4
<b>1 Қазақстан Республикасының әскері құрылғанға дейін XVIII-XX ғғ. болған айырым белгілерінің тарихы</b>	
1.1 Ресей патшалығының әскеріндегі айырым белгілерінің тарихы.....	7
1.2 Жұмысшы-шаруа Қызыл әскеріндегі айырым белгілердің тарихы.....	44
1.3 Кеңес әскеріндегі айырым белгілердің тарихы.....	73
<b>2 Қазақстан Республикасының әскеріндегі айырым белгілерінің XVIII-XX ғғ. әскери айырым белгілерінен ерекшеліктері</b>	
2.1 Қазақстан әскерінің құрылуы.....	105
2.2 Қазақстан әскерінің айырым белгілері және оның маңыздылығы.....	111
2.3 Мектепте айырым белгілерді қолданудың патриоттық тәрбие берудегі мәні.....	137
Қорытынды.....	148
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	152
Қосымшалар.....	157

## Кіріспе

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қандай болмасын жағдайда өздерінің жауынгерлік туларын қарашығындай қорғаумен, ел тыныштығының кепілі болып келеді. Бүгінгідей бейбіт күнде қазақстанның кез келген азаматы қарулы күштер қатарында болуды армандаулары осынымен қатар туған елінің нағыз елжанды азаматтары болуы шарт.

Біздің қарулы күштеріміздің әскери айырым белгілері өзінің ұлттық нақышта безендірілуі мен әрі ыңғайлығымен нақты қандай әскери құрамның белгісі екендігінің айқындығымен басқа мемлекеттердегі қарулы күштерінің әскери айырым белгілерімен бәсекеге түсе алады.

Басқа мемлекеттердегі қарулы күштерінің айырым белгілердің шығуы мен даму тарихын, яғни «бүгінгі болған оқиға, ертеңгі тарихымыз» демекші, оларды зерттеп оны кітап жүзінде тарихын әлемге танытады. Бұл ретте, Жоғары Бас қолбасшы ел президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында әскердің жағдайы жақсарып келеді. Қазір жаңа жетістіктерге орай жаңа киіммен, жаңалықтармен алға басатын сәт туған сияқты. Әскери қызметшілерді киіндіру үшін заманауи озық әдістер қолданылды. Алғаш рет құрлық әскерлері сардарларына қара жусан түсі енгізіліп отыр. Әуе қорғаныс күштері үшін қара-көк түс лайық деп табылса, әскери теңіз күштері сол қалпында қала берді. Басты өзгеріс бас киімде. Фуражкалардың түлбесі кішірейтіліп барлық металл фурнитуралары кестеге ауыстырылды. Иық пен жеңдік белгінің дизайны да жаңғырды. Тәуелсіздік алғалы қазақ әскерінің айырым белгілері айтарлықтай бірнеше рет өзгертулер болды.

Қоғамының ру, тайпалардың бірігіп мемлекет құрылуы адамзаттың дамуындағы үлкен жетістіктер екені белгілі. Қандай бір мемлекеттің нығайып, өркендеуі мемлекетті қалыптастырып отырған ұлттың қарым-қатынас қабілетімен қатар олардың құрылымына тығыз байланысты. Әлемде өмір сүрген кез келген империялар мен мемлекеттердің қаншалықты мықты екендігін оның жер аумағының кеңдігімен қатар әскери қуаттылығына қарай пайымдаған. Айдарыннан жел ескен қуатты мемлекеттер өздерін көршілеріне билігін жүргізумен қатар сыйлата да білген.

Біздің тарихымызда Ресей патшалығымен арадағы байланысымыздың тамыры тереңнен бастау алатынын жақсы білеміз. Ресей патшаларының ішінде І Петрдің Ресей империясы үшін атқарған қызметінің өте үлкен екендігін бүгінде дәлелденіп отыр. Ол өзі билік құрған кезде империяда құрылымдық өзгерістер енгізген. І Петр патша дәуірінде Ресей империясының әскери саласында айтарлықтай жаңалықтар болды. Оның басты жаңалығының бірі әскерге айырым белгілерді енгізуі дер едік.

Патша өз карамағындағы әскерге әскери айырым белгілерін енгізумен қатар құрылымдық өзгеріс кіргізген. Онда полк, батальон, дивизия т.б атаулармен көрініс тапқан. Тәуелсіз Қазақстанның әскери құрылымы мен әскери айырым белгілерінің қалыптасуында, Кеңес әскеріндегі әскери айырым белгілердің дамуымен тікелей байланысты екенін жақсы білеміз.

Қалың әскерден олардың басшыларын ажырату қажеттілігінің туындауы арнайы бір белгілердің дүниеге келуіне мүмкіндік жасады. Бұл әскери айырым белгілердің қалыптасып даму тарихының өзі әскерді басқару өнерінде өте үлкен өзгерістерге алып келді. Тақырыптың өзектілігі осында деуге болады. Тіпті, әскери басқару жүйесіне айырым белгілердің дендеп енгендігі сондай, бүгінде әскерді және әскери атақтары бойынша ажырату үшін айырым белгілерінсіз елестету мүмкін емес.

Сол себепті аталған карама-қайшылықтың шешімін табу үшін «Әскери нысанды киіміндегі айырым белгілерінің шығу тарихы және даму кезеңдері», - деп зерттеу тақырыбымызды алуға себепші болды.

Біздің зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі ретінде «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны және айырым белгілері туралы» ҚР Президентінің Жарлығы, «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысанын кию және айырым белгілерін тағу Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Бұйрығы бойынша шығатын нормативтік құқықтық актілері негізге алынып отыр.

Сонымен қатар, әскери айырым белгілердің тарихын зерттеуге қатысты, Ресей патшалығындағы және КСРО кезіндегі әскерлердің тарихына байланысты ғылыми зерттеу жұмыстары негізі ретінде айырым белгілердің коллекционерлері және әскери тарихшылардың

шығармаларында болған оқиғалар көрініс табылды. Атап айтсақ, О. Леонов пен И. Ульяновтың «Регулярная пехота»; А.И. Бегунова «От кольчуги до мундира»; В.М. Глинка «Русский военный костюм XVIII-начала XX века»; О.В. Харитонов және В.В. Горшков «Русская армия 1971-1920», Л.Е. Шепелев «Отменные историей чины, звания и титулы в Российской империи»; А.В. Чернушкин «Русская армия XVIII-XIX веков», генерал-майор Б.К. Смыслов «Твоя военная форма»; Ю. Каштанов «Русский военный костюм» және т.б. шығармалар қарастырылды. Сонымен қатар, КСРО кезіндегі нормативтік құқықтық актілері бойынша келесі мына: «Сборник законов СССР и Указов Президиума Верховного совета СССР», «О введении в действие Правил ношения военной формы одежды военнослужащими Советской Армии и Военно-Морского Флота» КСРО-ның Қорғаныс министрлігінің әр түрлі жылдардағы Бұйрықтары қарастырылды.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының әскеріндегі айырым белгілерін және Қазақстан Республикасының әскері құрылғанға дейін болған әскери айырым белгілердің шығу тарихы мен оның даму кезеңдерін зерттеу.

# **1 Қазақстан Республикасының әскері құрылғанға дейін XVIII-XX ғғ. болған айырым белгілерінің тарихы**

## **1.1 Ресей патшалығының әскеріндегі айырым белгілерінің тарихы**

Біздің ата-бабаларымызда әрине погон, шеврон деген сияқты айырым белгілер атымен болған жоқ. Сондықтанда, егенмендігімізді алғаннан бері бізге жеткен айырым белгілердің пайда болуын, түп тамыры Ресей әскерінің тарихымен немесе деректемелеріне сүйене отырып ұштастырамыз. Ертеде Ресей әскерлерінде айырым белгілерді әр түрлі мақсаттарда қолданылды. Алайда, қазіргі уақыттағы айырым белгілердің мәні Ұлы Отан соғысынан бері сақталып келеді. Яғни, шендерді айыру мақсатында.

Әскери киімнің әр элементінің өзіндік мағынасы болады және белгілі бір шарттылыққа, тарихи оқиғаға байланысты пайда болады. Сондықтан әскери киімнің әр элементінің тарихи мағынасы және пайдасы тиетін жағдайлар да болады деп айтуға болады.

Әрбір әскердің басты бөлшектерінің бірі униформа болып табылады, яғни барлық жауынгерлер үшін бірыңғай киім. Әрбір әскердің негізі командалық құрам болып табылады (унтер-офицерлер, офицерлер, генералдар). Олар соғыс алаңында, одан тысқары да солдаттардан өзгешеленіп тұруы керек, себебі ұрыста өздерінің басшыларын жазулар жазбай-ақ танулары тиіс. Яғни, кімнің кім екенін ерекшелеп айыру мақсатында.

Ресей патшалығындағы болған айырым белгілер – бұл офицерлік шәрпі және горжет киім элементері. Сондай-ақ эспантон, алебарда, протазон шаңыспалы немесе шаппалы қаруларда белгілі бір шендерді айыру мақсатында қолданды.


Ендігі кезекте эполет деп аталатын погонға ұқсас айырым белгісі Шоқан Уәлихановтың фотосуреттермен «Уикипедия ашық энциклопедия» сайтынан, сонымен қатар қазақфильм ұсынған «Шоқан Уәлиханов» атты көркем фильмінде әскери киімінен көре аламыз.

Жоғары да аталғандай айырым белгілердің шығу тарихы мен дамуы туралы тарихи деректемелерге сүйеніп әрқайсына тоқталсақ.

*Эспантон (протазон, алебарда).* Эспантон, протазан (партазан), алебарда негізінен алғаш типті ескі қару болып табылады. Эспантон мен протазан шанышпалы, ал алебарда шанышпалы-шаппалы қару. XVII ғ. аяғында дәрімен атылатын қарудың дамуымен олар ескіліктің сарқыншағына айналған болатын. Жаңа құрылып жатқан Ресей әскерінің жаяу әскерінің унтер-офицерлері мен офицерлерінің қаруландырылуына бұл ескілікті енгізе отырып, Петр I-нің нені басшылыққа алғандығы туралы айту қиын. Мүмкін батыс әскерлерінің үлгісі бойынша шығар. Қару ретінде олардың рөлдері болған жоқ, бірақ офицерлік шәрпі пен горжетпен бірге, шендерді анықтаудағы рөлі аз болмады. Сонымен қатар, оларды қатарда белгі беру үшін пайдалануы мүмкін.

1700 жылы протазандар фузилерлік роталардың обер-офицерлерінің және жаяу әскердің барлық штаб-офицерлерінің қаруландырылуына, ал алебардалар жаяу әскердің унтер-офицерлерінің қаруландырылуына енгізілді. Артиллерияда да, атты әскерде де бұл қару мүлде болмады. 1-суретте 1700 жылдық үлгідегі алебардалар мен протазанның жоғары бөлігі көрсетілген.

Алебарда мен протазандар унтер-офицер мен офицердің орнын көрсете отырып, қатарда бағдар беруші болғандары анық. Әрине, бұл сәнді қару қатарда практикалық роль де атқарады, бірақ соғыс жағдайында қолдануға келмеді, өйткені оқ жаудыра алатын әскерлердің санын қысқартты. 1711 жылы Петр I император алебардаларды тек сержанттарға қалдырып, ал қалған унтер-офицерлер мылтықпен қаруландырылды. Сол кезде Петр I жаяу әскер офицерлеріне протазандарды қатарда тек бейбітшілік уақытында, ал соғыс кезінде қажет болған кезде бұйрық берді [14].



1- Сержанттық алебарда, 2,3 – офицерлік гвардейлік протазандар, 4,5 – офицерлік әскери протазандар

### Сурет 1 – 1700 жылдық үлгідегі алебардалар мен протазандар

Алайда 1719-1720 жылдарға қарай алебардалар мен протазандар шендердің аса нақты анықтағышына айналды. Унтер-офицерлер шеніне байланысты түрлі формадағы алебардаларды алды (сурет 2), ал кесте 1 офицерлік шендер протазан шашақтарының түсі бойынша анықталды.

### Кесте 1 – 1719-20 жж. офицерлік шендерді протазан шашақтарының түсі бойынша айыру

Шен	Шашақтың түсі
Полковник	Алтын
Подполковник	Күміс
Майор	Алтын+күміс
Капитан	Ақ
Капитан-поручик	Көк
Поручик	Қызыл
Подпоручик	Жасыл

ЕСКЕРТУ – Прапорщикте протазан болған жоқ, өйткені ол ротаның туын ұстады.



1-сержанттікі, 2-капралдікі.


### Сурет-2 – 1720 жылғы үлгідегі унтер-офицерлік алебардалар

Фурьерде алебарда болған жоқ, өйткені ол фурьерлік белгі тақты (лагерьде ротаның орналасу орнын көрсететін жалаушасы бар найза).

Ханшайым Анна Ивановна бұл мерекелі-сәнді қаруға қарсы болды да, 1730 жылдың қаңтарынан бастап алебардалар тек мушкетерлік сержанттар мен фурьерларға, ал протазандар тек мушкетерлік офицерлерге қалдырылады.

1731 жылы протазандарды эспантондармен алмастырады, штаб-офицерлер үшін олардың шашақтары күмісі бар алтын, ол обер-офицерлер үшін бір түсті жібек болады. Яғни эспантондар офицерлердің шендерін анықтауыштың рөлін жоғалта алмайды.

1732 жылы фурьерлер мен сержанттар үшін алебардалар бірыңғай бола бастайды, ал офицерлерге эспантондарды мылтықтармен алмастыруға бұйрық беріледі. Бірақ 1734 жылы унтер-офицерлік алебардалар мүлде қолданыстан шығып қалады.



1 – 1731 ж. үлгісіндегі унтер-офицерлік алебарда, 2 – 1797 ж. үлгісіндегі әскери унтер-офицерлік алебарда, 3 – 1797 ж. үлгісіндегі гвардиялық унтер-офицерлік алебарда, 4 – 1741 ж. үлгісіндегі офицерлік эспантон, 5 – 1797 ж. үлгісіндегі офицерлік эспантон.

### Сурет 3 – 1731-1807 жж. офицерлік алебардалар мен эспантондар үлгісі

Екатерина II басқаруы кезінде ақылды және ойлы қолбасшы князь Потёмкиннің әсерімен эспантондар тарихтан кетіп бара жатқан тәрізді еді. Олардың барлығы гвардияда және әскерде мүлдем қолданыстан шығады, бірақ төменде 3-суретте көрсетілгендей Павел I арқасында алебардалар мен эспантондарды (енді жаңа үлгідегі) кері қайтарады [15]. Ол қайтыс болғаннан кейін бұл қару жаяу әскер қатарында сирегірек, тек бейбіт уақыт кезінде, кездесе бастайды, ал 1807 жылы мүлдем қолданыстан шығады.

Жеке тарихи көздер 1811 жылы да әскери полктарда алебардалардың болғанын айтады, бірақ сол кезеңнің дерек көздерінде автор алебардалардың тағу тәртібін айқындайтын нұсқаулықтарды тапқан жоқ. Ол уақыттың құжаттарында «Оқты тістеп таста!» бұйрығы бойынша тістелініп алынған оқтың төбешігін сарбаз қай жаққа тастау керектігін де егжей-тегжейлі бейнелегеннің өзінде. Автордың ойынша алебардалар Наполеонмен соғысты алдын-ала болжап Неман өзеніне келген, мылтық жетіспеген алыстағы горнизон полктарында сақталуы мүмкін. Бірақ бұл автордың пікірі ғана. Бірақ не алебардалардың, не эспантондардың 1812 жылдың қыркүйегінді Бородин алаңындағы Ресей полктарында болмағаны анық. Бұл айырым белгісі мен қару мәңгілікке тек тарихта қалды. Қарудың бұл түрі өз-өзін ғасырдан астам уақытқа озып кеткені қызық. Себебі ол XVII ғасырдың екінші жартысында-ақ соғыста қолданылмады.

*Офицерлік шәрпі.* XVII ғ. соңы – XVIII ғ. басында Ресей патшасы Петр I тұрақты Ресей әскерін құра бастайды. Елде Петр патшаның басқаруына дейін де қарулы күштер болды, бірақ XVII ғасырдың соңында бұл әскер «жаңа қатардағы» сарбаз полктарының, атқыш полктарының, жергілікті жасақтардың қалыпсыз қосындысы ғана болатын.

Әрбір әскердің басты бөлшектерінің бір униформа болып табылады, яғни барлық әскерилер үшін бірыңғай киім. Әрбір әскердің негізі командалық құрам болып табылады (унтер-офицерлер, офицерлер, генералдар). Олар соғыс алаңында, одан тысқары да сарбаздардан өзгешеленіп тұруы керек, себебі соңғылар өздерінің басшыларын жазбай танулары тиіс. Алғашында офицерлік форманың сарбаздікінен еш айырмашылығы болған жоқ.

Ресей әскерінде офицерлердің сарбаздардан айырмашылығының бірінші бөлшегі офицерлік шәрпі болып табылды. Сол мезеттен-ақ ол тек офицерлердің сарбаздардан ерекшелігінің белгісі ғана болған жоқ,

сонымен қатар, жалпы әскери қызметкердің офицерлік корпусқа қатыстылығының белгісі болды.

Алғашында офицерлік шәрпі ұзындығы бір жарым метр шамасында Ресей туының түстерінен (ақ, көк, қызыл) тұратын жібек лента болатын. Бұл лентаның ұштарына күміс немесе алтын иреленген жіптен жасалған шашақтар бекітілген. Шәрпі оң иық арқылы киіліп, ұштары сол жақ санының тұсына байланатын. Бірден обер-офицерлердің шәрпілері күміс шашақты, ал штаб-офицерлердің шәрпілері алтын шашақты болатыны анықталды. Одан басқа штаб-офицерлердің шәрпілерінде ақ сызығында жіптердің жартысы жібек, жартысы күміс болатын. Полковникте, одан басқа, қызыл сызығында алтын жіптер болатын. Алайда офицерлердің шендерін шәрпі арқылы айыру мүмкін емес. Офицерлердің шендерін айыруға арналған горжет болды, ал жаяу әскер қатарында, сонымен қатар протазан (эспантон). Сөйтіп шәрпі офицерлердің сарбаздардан айырымының белгісі болып, офицерлік құрамға қатыстылығының белгісі болып қалады.

Алғашқы болып шәрпіні офицерлердің сарбаздардан айырымының белгісі ретінде 1698-99 жж. шамасында Преображенск және Семеновск полктарында киді [16]. Одан кейін шәрпі Ресей әскерінің барлық офицерлер формасының бөлшегіне айналды. Тез арада шәрпі белге ауысып, оны белбеу ретінде байлайтын болды. Бірақ бұл бұйрық болды ма, әлде офицерлердің өздері шығарды ма – айту қиын. Ресей киімінде мата белбеу бұрын да болатын, ал иық арқылы киетін киім бөлшектері Ресейде кездескен жоқтын. Тағы бір ескеретін жайт шәрпі иықтан түсе беретіп, қаруды қолдануға кедергі жасайтын.



I Петр патшалығында болған иық арқылы киіліп, ұштары сол жақ санының тұсына байланатын шәрпі.

#### **Сурет 4 – Алғашқы офицерлік шәрпі**

Петр I патша қайтыс болғаннан кейін 1731 жылдың шамасында офицерлік шәрпінің түрі өзгере бастайды. Ол жіңішкеріп, тығыздалады. Шәрпінің түсі мынадай болады: бірнеше тар жолақты, ақ жібекті қызыл лента немесе күміс жібекті қызыл лента немесе бірнеше тар жолақты сары жібекті не алтын жіпті қара лента. Оны иық арқылы да, белде де киетін. XVIII ғасырдың екінші жартысында шәрпі толығымен белге ауысады да жиі-жиі мундирдің үстінен емес, мундирдің астынан камзолға киілетін болды. Шәрпінің белге тағудың бірнеше түрі кездеседі – шәрпі белге бірнеше рет оралып барып байланатын; шәрпі қысқарған ұзындықты болып, белге бір рет оралып барып байланатын. Шашақтары артында мундирдың астында немесе керісінше дәл іште болуы мүмкін еді. Тағудың сан түрі сол кездегі әскери сәннің немесе полк сәнінің салдары болғаны анық. 1745 жылға қарай генералдар киімдерінің тәртібін белгілейтін алғашқы құжаттар шыға бастады. Бұған дейін ешқандай генералдық форма анықталған жоқ еді. Офицерлік шәрпіні кию генералдарға міндет болғаны туралы айту қиын. Таққа патша Павел I отырғанға дейін офицерлердің өздерінің әскери форма тәртібін қатаң түрде сақтады деп айту қиын. Оны жалпы түрде сақтап, ал бөлшектері талғамға, қаражат мүмкіндіктеріне және офицердің еркіне тәуелді болды. Ал генералдар болса киімді өз еріктеріне қарай киді.

1796 жылы таққа Павел I отырады. Ол әскерді қатаң тәртіпке, сонымен бірге киім тәртібіне салады. Қандай да бір еркіндік жойылады. Павел шәрпінің нақты орнын анықтайды – мундир астында камзолдың белінде. Барлық офицерлік және генерал шендері үшін шәрпі бірдей – 3 қара-қызғылт-сары жіңішке сызықтары және қара-қызғылт-сары шашақтары бар күміс жіпті шәрпі [17]. Егер мундирдің пішімі шәрпіні көрсетпей тұрса, онда ол мундирдің үстінен киіледі. Сонымен қатар шәрпі тақпайтын офицерлердің формасы шыға бастайды. Бұлар гусарлар мен сауытты әскери қызметкерлер (сауыт кесе), олардың формаларына шәрпі тағылмайтын. Сонымен қатар қызметтен тыс кездерде офицерлерге шәрпі тақпауға рұқсат етілді. Фуршаттық роталардың офицерлері мен басқа қатардағы емес

офицерлердің мүлдем шәрпілері болған жоқ. 1801 жылы жоғары ақсүйектер тобының қатарындағы қаскүнемдердің жаныштауымен гвардия офицерлері патшаны Михайловск бекінісінде өлтіреді.

Павелді алмастырған патша Александр I 1802 жылы Ресей әскерінің униформасын түбірімен өзгертеді. Шекпен пішімді мундирді фрак типтес мундир алмастырады [18]. Ғасыр ауысты – форма өзгерді.

Офицерлік шәрпі өзінің бұрынғы түр-түсі мен пішінін сақтап, фрактың төменгі жақ бөлігіне алмасады. Бұрынғы форма кезіндегі форманың бұл бөлшегі мундирдің астында жайылып бара жатып, енді бірінші орынға түседі. Шәрпі Фракты панталоннан нақты бөле отырып, жаңа формаға өте сәтті үйлесті, оған аяқталға сипат берді. Генералдардың шәрпілері ұзарып, кеңейеді. Ол белді екі орап байланады. Офицерлердің шәрпілері мундирдің төменгі түймесіне жатқызылады. Шәрпі бұрынғыдай гусар формасында, теңіз офицерлері формасында жоқ. Қатардағы емес офицерлер мен роталардың офицерлері де шәрпі тақпайды.

1825 жылы Александрды тақта Николай I алмастырады. 1827 жылдан бастап, эполеттерге жұлдызшалар енгізіліп, ал мундирлердің өзі сарбаздікінен одан әрі ерекшелене берген кезде, шәрпі офицерлерді сарбаздардан айырудағы рөлін жоғалта бастайды. Ол сәнді бөлшек, офицерлік форманың жай бөлшегі ғана бола бастайды.

1837 жылы офицерлік шәрпінің жаңа үлгісі енгізіледі. Ең алдымен атауы өзгертілген: «белбеу-шәрпі». Енді ол үш қара-қызғылт сары сызықтары мен екі күміс шашақтары бар жіңішке күміс тоқыма баудан жасалып шағарылады. Тоқыма бау қатты тері астарға бекітіліп, бүйір жағынан тоға салынады. Бұрын шәрпіні байлау үлгісінен бас тартты. Осы кезеңде мундирдің фрактік пішімі де ақырындап кете бастады. Енді белбеу-шәрпі тағылмайтын сюртук типті мундир шыға бастайды.

1856 жылы Александр II таққа отырғаннан кейін офицерлердің формасы жаңадан өзгертіледі. Фрак пішімді мундирден мүлде бас тартады. Негізінен түр болып пішімі жағынан қысқартылған сюртукке жақын мундир болады. Белбеу-шәрпі офицерлерді сарбаздардан айырудағы рөлін жоғалтып, офицерлік форманың сәнді бір бөлшегіне айналады.



**Сурет 5 – 1837-1855 жж. аралығындағы белге тағылған офицерлік шәрпісі**

1855 жылдың наурызынды ол шашақтары бар салбырап тұратын ұштарынан айырылып, тоқыма баудан жасалатын тоғамен жабылған алдынан екі ілгекке тағылады. Белбеу-шәрпінің аты қайтадан өзгертіледі. Енді ол «мата белбеу» деп аталады. 1872 жылға қарай мата белбеу тек сәнді форманың бөлшегіне айналады. 1874-76 жылдары 1837 жылғы үлгідегі белбеу-шәрпіні генералдар, полк бастығы қызметіндегі офицерлер мен дивизия штабының бастығы қызметіндегі офицерлері қайтадан тағады.

Формадағы өзгертулерді Ресей халқының киіміне қарай бағыттаған Александр III таққа отырғаннан кейін мата белбеу енді «офицерлік салтанатты белбеу» деп аталады. Ол алтын мен күміс жіптер қосылған жібек иірілген жіптен жасалынады.

Николай II офицерлік салтанатты белбеуге «белбеу-шәрпі» деген атты қайтарады, оны күзет формасына енгізеді, бірақ оның пішінін өзгертпейді (1855 жыл үлгісіндегі белбеу-шәрпі).

Бірінші дүниежүзілік соғыс әскерді жорықтық формаға киіндірді де, белбеу-шәрпі тарихта қайтарылмастай кеткендей болды. Арада 30 жыл өтті.

1945 жылдың сәуірінде қызыл әскердің генералдары мен маршалдары үшін теңіз толқыны түстес салтанатты мундир енгізіледі де, 1945 жылдың 24 маусымындағы жеңіс шеруінде генералдардың мундиріне қайтадан 1855 жылдың үлгісіндегі мата-белбеу. Он жыл өткеннен кейін Кеңес әскерінің генералдары мен офицерлерінің салтанатты формасына «офицерлік салтанатты белбеу» енгізіледі. Енді ол үш қара-қызғылт сары-ақ түсті жінішке сызықтары бар сары тұсты тығыз тоқыма баудан және алтын металл тоғасы алдынан етіп жасалады. Алғашында теңіз және құрлықтағы әскер офицерлері үшін кортикті тағуға арналған сол жағында оның пассивкалары болатын, бірақ біраздан кейін кортикті тек теңіз офицерлері тағатын болды. Кейіннен әскери қызметкерлер үшін офицерлік үлгідегі салтанатты форма енгізілгеннен кейін салтанатты белбеу әскери қызметкерлердің салтанатты формасының жабдығы, одан кейін прапорщиктердің жабдығы да болады (1973 жылдан бастап).

Өзінің бастауын петрлік офицерлік шәрпіден алатын бұл салтанатты белбеумен Кеңес әскері 1991-1993 жылдары тарихқа кетті. Бұл салтанатты белбеу енді Қазақстан әскерінің салтанатты формасының жабдығы.

*Горжет.* Горжет өлшемі шамамен 20×12 см жарты ай пішіндес металл жалпақ тілік. Ол офицердің кеудесінде тамақ тұсында ұштары арқылы көлденеңнен асылып қойылады. Офицердің шенін анықтау үшін арналған. Әдебиетте көбінесе «офицерлік белгі», «мойын белгісі», «офицерлік төске тағатын белгі» деп аталады. Алайда әскери киімнің бұл бөлшегінің дұрыс атауы – «горжет» [19].

Кейбір басылымдарда (негізінен А.Кузнецовтың «Награды» кітабында) горжет қате коллективтік марапаттау белгісі болып есептеледі. Алайда бұл олай емес. Горжет офицерлік шендерді айырудың белгісі болып табылады және нақты мақсатпен енгізілген. Коллективтік марапаттау, ал негізінен естелік жазба болып Преображенск және Семеновск полктарының обер-офицерлерінің (тек обер-офицерлердің) горжеттеріндегі «1700 № 019» деген жазба ғана болатын. Бұл жазба осы полк офицерлерінің Ұлы Петрдің әскерінің швед әскерімен Нарва бекінісінің маңындағы 1700 жылы 19 қарашасында болған бірінші шайқасында көрсеткен ерліктері мен табандылығының естелігіне арналып жазылған болатын. Кейіннен горжеттегі мұндай жазбалар, бірақ горжеттердің өздері емес

коллективті марапаттаулар ретінде басқа полктардың офицерлерінің горжеттерінде пайда бола бастады.



**Сурет 6 – Мушкитердің горжетті тағыуы**

Офицерлердің жалпы сарбаздардан айырым белгісі болған шәрпіге қарағанда, горжет протазан (эспантон) сияқты офицерлердің шендерін өзара айыру үшін арналған болатын. Алғашқы болып горжеттерді Преображенск және Семеновск полктарының офицерлері 1698 жылы алған болатын. 1701 жылы горжеттердің пішіні өзгеріп, бұл екі полк обер-офицерлердің горжеттерінде «1700 № 019» деген естелік жазу пайда болады. Кейіннен горжетті әскери полктардың офицерлері алған болатын.

Шендерді айыру үшін горжеттің үш негізгі бөлшектеріне назар аудару қажет: горжеттің жиегі, шеңберіне және гербті белгісіне. Осы үш бөлшектің түстерінің үйлесіміне қарай офицердің шенін анықтауға болады. 1699-1716 жж. аралығында горжеттердің түсі келесі төмендегідей 2-кестеде көрсетілген.

Бірақта алғашында барлық штаб-офицерлерде (майор және жоғары) горжет толығымен алтын болып, майорды полковниктен айыру мүмкін емес еді.

## Кесте 2 – Шен бойынша горжет түстері арқылы айыру

Шен	Жиектің түсі	Шенбердің түсі	Гербтің түсі
Прапорщик	Күміс	Күміс	Күміс
Подпоручик	Күміс	Алтын	Күміс
Поручик	Күміс	Күміс	Алтын
Капитан	Күміс	Алтын	Алтын
Майор	Алтын	Алтын	Күміс
Подполковник	Алтын	Күміс	Алтын
Полковник	Алтын	Алтын	Алтын

Генералда горжет мүлдем болған жоқ, сондықтан генералдың шендерін айыру ол кезде мүмкін емес-тін. 1745 жылға дейін Ресей әскерінің генералдарында бейнеленген киім үлгісі болған жоқ еді.

Дәреже туралы тізімдік енгізгеннен кейін (1722 жылы) горжет бөлшектерінің түсі мен деңгейімен анықтала бастады (кесте 3).

## Кесте 3 – Горжеттің түстер арқылы шендердің деңгейін айыру

Шен деңгейі	Жиектің түсі	Шенбердің түсі	Гербтің түсі
XIV	Күміс	Күміс	Күміс
XIII	Күміс	Алтын	Күміс
XII	Күміс	Күміс	Алтын
X	Күміс	Алтын	Алтын
IX	Алтын	Күміс	Күміс
VIII	Алтын	Алтын	Күміс
VII	Алтын	Күміс	Алтын
VI	Алтын	Алтын	Алтын


ЕСКЕРТУ – XI деңгейлі офицерлік шен болған жоқ.

XVIII ғасырда офицерлердің шендерін айыруға көп мән беріледі. Көп жағдайда горжеттер мүлдем тағылмайды. Горжетті әдетінше салтанатты немесе ресми жағдайларда киді (шеру, байқау, кезекшілік

пен караулды аткару кезінде). Күнделікті өмірде офицерлік шәрпіні ғана тақты [20].

XVIII ғасыр бойында горжеттердің өлшемдері, пішіндері, гербілік белгілердің суреті, ленталардың түсі (горжет тағылған) бірнеше рет өзгерген. 7-суретте көрсетілгендей түрлі полктарда гербілік белгіде түрлі сурет болатын.

Қырықыншы жылдары Ресей әскерінде жеңіл атты әскердің түрі – гусарлар пайда болды. Гусар полктарының офицерлері казактар секілді, горжеттерді мүлдем тақпады. Сонымен қатар, горжеттер қатардағы емес офицерлерінде, фурштаттық роталардың офицерлерінде (жабдықтау бөлімшелері) болған жоқ.



Сол жақтағы бірінші горжет офицерлік горжеттің ең бірінші үлгісі болып табылады; екінші және үшінші – естелік жазбасы бар обер-офицерлердің горжеттер.

### **Сурет 7 – Обер-офицерлерінің горжеттері**

1764 жылы горжет арқылы офицердің шенін айыру қиынға соғады. Барлық офицерлерге гербілік белгі алтын болсын деген бұйрық беріледі, обер-офицерлердің горжеттерінің жиегі күміс болып қалады, капитандарда горжеттің шеңбері алтын, штаб-офицерлерде горжеттің жиегі бұрынғыдай алтын болады.

1775 жылы полктік гербілік белгілер мемлекеттік елтанбамен өзгертіледі.

Павел I патша 1796 жылы горжетті шендерді анықтағыштан офицерлік форманың таза сәнді бөлшегіне айналдырады. Ол бәріне бірдей горжетті енгізіп, оны «офицерлік белгі» деп атайды. 1797 ол

егерлік полктардың офицерлеріне горжетті мүлдем таққызбайды. Кезекте барлық әскерде горжетті жою тұрды, бірақ бұған патшаның өлімі кедергі болды.

XIX ғасырдың басына қарай әскер көлемінің өсуіне қарай офицерлік шендерді айыру мәселесі нақты шешімін іздей бастайды. Жаңа патша Александр I горжетке шендерді анықтағыштың қызметін қайтарады.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде горжет офицерлердің шендерін айрыудың жалғыз құралы болып қала береді [21].

1827 жылдан бастап қана патша Николай I эполеттегі жұлдызшалар түріндегі офицерлерді айырудың белгісін енгізгеннен кейін горжет офицерлік форманың сәнді бөлшегіне айналып, өзінің рөлін жоғалта бастайды. Ол қызмет формасында сирек тағылып, тек *1858 жылдың мамыр айында ғана горжетті тағу толығымен жойылады*. Осы кезден бастан горжет өзінің шендерді айырудағы рөлін мүлдем жоғалтады.

Алайда патша Александр III 1884 жылы Преображенск және Семеновск полктарының лейб-гвардиясының офицерлерінің, сонымен бірге бұл полк генералдарының салтанатты және қызмет формасына горжетті қайтарады. Алайда горжеттер енді гвардиялық офицерлік форманың сәнді бөлшегіне айналды (4-кесте).

#### **Кесте 4 – 1884 жылғы горжеттің түстері арқылы шендерді айыру**

<b>Шен</b>	<b>Жиектің түсі</b>	<b>Шеңбердің түсі</b>	<b>Герbtің түсі</b>
Прапорщик	Күміс	Күміс	Күміс
Подпоручик	Күміс	Алтын	Күміс
Поручик	Күміс	Күміс	Алтын
Штабс-капитан	Күміс	Алтын	Алтын
Капитан	Алтын	Алтын	Күміс
Полковник	Алтын	Күміс	Алтын
Генерал	Алтын	Алтын	Алтын

1914 жылдың тамызынды Бірінші Дүниежүзілік соғыстың басталуымен барлық әскер гвардия жорықтық формаға ауысты да, содан кейін гвардия офицерлері ешқашан таққан жоқ.

1917 жылы 16 желтоқсанда ВЦИК және СНК Декретімен барлық шендер, айырым белгілер жойылды. Горжеттер мәңгілікке тарихқа кетті.

*Эполеттер.* Мүмкін офицерлер мен генералдардың иықтарындағы эполеттеріндей Ресей патшалық әскердің офицерлік формасында бәріне танымал және назардан тыс қалмайтын бөлшек жоқ шығар, бірақ Ресей әскеріндегі эполеттердің тарихы бір ғасырға да жетпейді, нақтырақ айтсақ, шамамен сексен жыл.

Кейде кейбір басылымдарда эполеттер Ресей әскери формасында 1762-63 жылдары пайда болды деген пікірді кездестіруге болады. Алайда бұл қате пікір. Бұл гарустық жіппен жасалған погондар. Эполеттермен кейбір ұқсастығы – иықтан төмен салбырап тұратын баулардың шашақ тәрізді ұштары. Бірақта бұл нақ погондар. Сол жақтағы 8-суретте 1763 жылдың мушкетерлік сержанты сол иығында погонымен бейнеленген [22].

Эполеттер болса, Ресей әскери формасында Ресей әскерінің құрамында жеңіл атты әскердің жаңа түрі – улан полктары 1803 жылы пайда болғанда шықты. Алғашынды эполеттер поляк атты әскерінен келген, уландық форманың сәнді бөлшегі болатын. Сондай-ақ уландық сарбаздар да, офицерлер де бірдей эполеттер болатын. Погондарға қарағанда эполеттердің иыққа бекітілуі басқа. Эполет мундирдің иығына тігілген оқалық ілмектің астына тығындалады да, жоғары ұшы жағаның қасына тігілген түймеге тағылады. Эполеттің төменгі жағы иықта еркін жатады. Эполеттің негізі погонға қарағанда қатты болғандықтан, эполеттің мұндай бекітілуі аттының иық қозғалысына кедергі келтірмейді.

Форманың бұл бөлшегі әскерге ұнады да, 1807 жылы сол жақ иықтағы офицерлік погон әскердің барлық түрінде, гусарлардан басқа, эполеттермен алмастырылады, ал 1809 жылы оң жақ иықтан аксельбант алынғанда, эполеттер екі жақ иыққа орналасады.

Офицерлердің эполетінің жиегінің түсі сол полк сарбаздарының погондарының түсімен бірдей болды, ал оқа, шашақтарының түсі полкқа берілген металл түсіндей (алтын немесе күміс) болатын. Гвардия офицерлерінде эполеттердің жиегі алтын немес күміс болатын. Барлық генералдардың эполеттері толығымен алтын болды.

Эполеттің жиегінде, сарбаздың погонының жиегіндегідей дивизияның нөмірі немесе полк бастығының вензелі болатын.




1 – 1807 жылы эполеттің орналасуы, 2 – 1809 ж. обер-офицердің эполеті, 3 – 1809 ж. штаб-офицердің эполет, 4 – 1809 ж. генералдың эполеті.

### Сурет 8 – 1807-1809 жж. эполеттер

Эполет арқылы обер-офицерді штаб-офицерден немесе генералдан айыруға болатын. Офицерлер мен генералдардың нақты шендерін айыру мүмкін емес еді [23]. Ол мақсатқа арналған горжет болатын (8-суретте штаб-офицерінің кеудесінде жақсы көрінеді). Генералдардың шендері 1827 жылға дейін өзара бір-бірінен айнамайтын. Уландық полктарда сарбаздар обер-офицерлердікіндей

эполеттерді тақты, бірақ сурет 9 көрсетілгендей олар алтыннан емес, мыстан жасалатын.



1 – обер-офицер, 2 – штаб-офицер, 3 – генерал.

**Сурет 9 – 1809 жылдың үлгісіндегі эполеттер**

1827 жылы патша Николай I офицерлер мен генералдардың шендерін айыру үшін эполеттерге жұлдызшалар енгізеді. Жұлдызшалардың өлшемі бәріне бірдей.

Обер-офицерлік эполеттер:

1 жұлдызша – прапорщик, 2 жұлдызша – подпоручик, 3 жұлдызша – поручик, 4 жұлдызша – штабс-капитан, жұлдызшасыз – капитан.


Штаб-офицерлік эполеттер:

2 жұлдызша – майор, 3 жұлдызша – подполковник, жұлдызшасыз – полковник.

Генералдық эполеттер: 2 жұлдызша – генерал-майор, 3 жұлдызша – генерал-лейтенант, жұлдызшасыз – инфантериядан генерал (атты әскерден, артиллериядан, фельдцехмейстер).

Айқасқан аса таяқтармен – генерал-фельдмаршал.

Эполет жиегінің түсі сол полк сарбазының погоньының түсімен бірдей. Гвардияда эполеттің жиегі приборлық металмен түстес. Офицерлерден басқа мыстан және қаңылтырдан жасалған жұлдызшалары жоқ эполеттерді драгун және улан полктарының лейб-гвардиясының сарбаздары мен офицерлері, атты-гренадерлік полктың лейб-гвардиясының сарбаздары мен офицерлері тағады. XIX ғасыр бойында эполеттер көптеген өзгерістерге түседі [24].



1-сары металл түсті, прапорщиктікі, 2-ақ металл түсті, поручиктікі.

**Сурет 10 – 1827 жылдың үлгісіндегі эполет**

1854 жылы офицерлер үшін оқалық погондары бар жорықтық шинель енгізілді. Эполеттердің рөлі кеми бастайды. Погондар қолайлырақ болып, жақсырақ көрінетін. 1855 жылдың қарашасында эполеттер виц-мундирлерден жоғалады (қатардан тыс киюге арналған мундирлер), ал кейінірек жорықтық форманың барлық түрінен де кетеді. 1882 жылға қарай эполеттер тек салтанатты, толық қызмет форманың бөлшегі болып қалады. Николай II өзінің басқаруының алғашқы жылдарында эполеттерді погондардың орнына кию керек болатын жағдайларды бірақ кеңейтті, бірақ XX ғасыр үшін эполеттер тым ескі болып көрінді де, офицерлер оларды тек басшылықтың қысымымен ғана киді, оның өзінде көбінесе гвардияда астанада. Бірінші Дүниежүзілік соғыс басталған кезде эполеттерді ешкім киіп жүрген жоқ еді. Толығымен эполеттер Ресей әскери формадан 1917 жылдың ВЦИК және СНК Декретімен жоғалды. Ол толығымен Ресейдің барлық шендер, марапаттау, айырым белгілер жүйесін жойды [25]. Ешқашан Ресей әскерлері эполеттерді таққан жоқ.

1942 жылдың күзінде қызыл әскердің жаңа айырым белгілері жобасын талқылау кезінде үлгі ретінде Ресей патшалық әскердің айырым белгілері қабылданғанда генералдар мен офицерлердің салтанатты формасына эполеттерді енгізу мәселесі де талқыланған болатын. Алайда Сталин бұл ұсынысты қабылдаған жоқ, біріншіден,

эполеттерді көпшілікке дайындаудың қымбаттылығы мен қиындығынан; екіншіден – офицерлік форма патшалық әскердің формасына ұқсап бара жатқандықтан; үшіншіден – эполеттер ХХ ғасырдың ортасында мундирде онша жақсы көрінбегендіктен (атам заманғы болып көрінді).

*Погондар.* Көп уақытқа дейін погондарды рыцарьлар құрсауынан шыққан деп көптеген еңбектерде айтылып келді. Бірақ погон Ресей әскерилерінің киімін Петр I патша болған кезде пайда болған. Гренадер сумкасын иықтан түсе бермеске пайдаланылған киім элементі. Оның бір жағы женге тігіліп, бір соңында түймеге орын болған. Погонның пайдалылығы байқалып фузилерлер мен мушкитерлар киімінде де пайда болады. Түсі барлығына бірдей қызыл болған. Осы кезден погон киім әсемдігіне де қолданылды.

1762 жылы гарус жіппен тігілген погондар полктар айырмашылығын ерекшелеуге пайда болды [26]. Оның осы кезде эполетпен ұқсастықтары ұшырасып, қателіктер болған. Бұл уақытта погонның түрлері көптеп пайда болып бір-бірінен айыру қиын болды. Келтірілген 11-суретте екі полктың сарбаздары мен офицерлерінің погондары берілген.



1-гвардия полкының сарбазы, 2-әскери полктар офицер.


**Сурет 11 – 1762 жылдағы погон үлгісі**

Император Павел I погондарды тек сөмкені иықта ұстауға керек деп жарғы етеді. Погон тағы да офицерлер мен унтер-офицерлер формасынан жоқ болады.

1902 жылы император Александр I сарбаздардың екі иығына, унтер-офицерлердің оң жағына, офицерлердің сол иығына погонды қайтарады. Погондар түсі: қызыл, ақ сары, қызғылт, көгілдір, қызылдау, ашық жасыл, сұр, көкшіл, көк болып бөлінді.

1807 жылдан погон түсі полктың дивизиядағы орналасу нөмірімен байланысты болды: 1-ші полк қызыл, 2-ші полк ақ, 3-полк сары, 4-ші полк жасыл қызыл араласқан, 5-ші полк ашық көк.

1807 жылдан әскер полктарының погондарында жасырын түрде полк нөмері жазылды. Офицер погоны сарбаздардікіндей, бірақ жан-жағы алтын түстес жіппен көмкерілген.



1-Подпрапощик, портупей-прапорщик, юнкер, портупей-юнкер, 2-Фельдфебель, 3-Жеке унтер-офицер, 4-Унтер-офицер, 5-Ефрейтор, 6- Оқу карабинер поқының түлектері, 7-Үлгілі пехота полкының оқушы сарбазы.

**Сурет 12 – Унтер офицерлер погондары**

1807 жылдан офицерлерде погон эполетпен ауыстырылды, 1809 жылдан екі иыққа эполет тағылды. 1854 жылы офицер формасында погон болмады. 1843 жылға дейін погонның екі қызметі болды: ранец-сумканы иықта ұстату, сарбаздың қай полкке жататынын білдіру [27].

1843 жылы погон тек унтер-офицерлер шенін анықтау мақсатында қолданылды. Погондарды шенді білдіретін бүктемелер пайда болды. Тоқыма баудан тігілген погондар жаяу әскер, егерлік және теңіз флотында қолданылды, ақ үстіне қызыл жолақ жүргізілген гренадерлер мен карабинерлердің полкында қолданылды.

Унтер офицерлер погоны алтын жіппен көмкерілген. Подпрапорщиктер мен фельдфебельдер де алтын оқа погон таққан.

Погон түсі полктың дивизияда орналасуының реттік нөмірін, сандар – дивизия нөмірін, әріптер – полк басының вензель-мөрін білдіреді.

1854 жылы погондар офицерлер мен генералдар шенін анықтау қызметіне ие болады. Бұл уақытта офицерлер мен генералдар жаңа шинель мен оған қоса оқалары бар погондарға ие болды. Осы кезде погондарда жолақтар пайда болды. Оқа алтын немесе күміс түстес болады. Жұлдызшалар көлемі бірдей [28].

Офицерлер мен генералдар шені былай бөлінді:

Бір аралық: прапорщик – 1 жұлдызша, подпоручик – 2 жұлдызша, поручик – 3 жұлдызша, штабс-капитан – 4 жұлдызша, капитан – жұлдызша жоқ;

Екі аралық: майор – 2 жұлдызша, подполковник – 3 жұлдызша, полковник – жұлдызша жоқ;


Генерал погондары: генерал-майор – 2 жұлдызша, генерал-лейтенант – 3 жұлдызша, толық инфантериялық генерал – жұлдызша жоқ, генерал-фельдмаршал – айқасқан темір.

1855 жылдың қараша айынан виц-мундирларда эполет орнына погон тағу қолданылды. 1882 жылдан офицерлер киімінде погондар ғана тағылды. 1865 жылы унтер-офицерлер құрамын ерекшелу тағайындалды: бір кең жолақ – фельдфебельдер погоны. Жазушыларда да сондай погонға теңеледі; үш жіңішке жолақ – жекеленген унтер-офицерлер. Осы погондарға тамбурмажорлар, бас музыканттар полктің штаб-сыбызғышылар, барабаншылар, бас фелбдшерлер теңеледі; екі жіңішке жолақ – унтер-офицерлер. Оларға роталық каптенармустар, кіші музыканттар, роталық писарьлар, фелбдшерлер теңеледі; бір жіңішке жолақ – жоғары қатардағылар мен ефрейторлар погоны.

1874 жылы жоғары білімі бар өз бетімен әскери қатарына келгендерге үш түсті көмкерілген погондар берген. 1899 жылы

жоғары білімді унтер-офицерлерге бұрыш пішінді оқалы тігіс белгілеген [29].

1907 жылы маусымда подпрапорщик погонының түрі өзгеріп, «зауряд-прапорщик» деген жаңа погондар енгізілді.



1-подпрапорщик, 2-зауряд-прапорщик, 3-зауряд-прапорщик қосымша фельдфебель, 4-бас унтер-офицер кластық шені бола алатын.

**Сурет 13 – 1907 жылғы зауряд, пропорщик атағының погондары**

1907-1912 жылдары офицерлер мен сарбаздар погондарында көп өзгерістер болды. Офицерлерде жасырын шифр пайда болды.

1909 жылы погондардағы жасырын шифрдың түр-түсі өзгереді:


- гренадерлер полкы, полк шефының вензелі мен сары түсті бас әріп.

- жаяу әскер полкі, полктің сары нөмері

- атыштар полкі, полктің қайдан шыққандығынның бас әріптері мен ашық қызыл түсті полк номері.

1907 жылы Ресей-жапон соғысының әкелген далалық болып бөлінеді.

Сарбаздар мен унтер-офицерлердің погондары сары басон тоқыма бауымен тігілді. 15-суретте бас унтер-офицер погоны берілген (полктың металл түсіне байланысты күміс түстес жіппен тігілген) [30].



1-жаяу әскер полкінің бас рота капитаны, 2-8-ші гусар полкының корнеті, 3-9-шы гусар полкының полковнигі, 4-артиллерия поручигі, 5-әскери чиновник XII класс.

Сурет 14 – 1909 жылғы жасырын шифрлі погондар



1- гвардиялық жаяу әскер сарбазы, 2-шектелген демалыстағы жаяу әскер сарбазы, 3-артиллерияның батареялық 8-ші рота сарбазы, 4-37-жаяу әскер полкінің өз еркімен әскерге келгендер, 5-барлаушы қызметіндегі 8-ші батареялық ротаның сарбазы, 6-бақылаушы

қызметіндегі 8-ші полк ефрейторы, 7-8-батареялық ротаның қару кезенуші сарбазы.


### Сурет 15 – Унтер офицерлердің шифрлі погондары


Гвардияның барлығына жаяу әскерлер үшін қызыл погон және атқыштарға ашық қызыл түсті болған.

Әскерде погон түсі былай бөлінген: гренадер полкы – қызылмен көмкерілген сары түсті 1-ші дивизияныкі, 2-ші дивизияныкі ашық көкпен көмкерілген, 3-ші дивизия ақпен көмкерілген; жаяу әскер полкы – 1,2-ші дивизия полктері қызыл түсті погон; 3,4-ші дивизия полктері ашық көк түсті; атқыштар полкы – ашық қызыл погон (дала погондары ашық көкпен көмкерілеген) [31].

Бірінші Дүниежүзілік соғыс басталғанда 1914 жылы барлық әскери қызметтегі адамдар дала погондарын тағып алған болатын. Күнделікті әскери киімге тыйым салынбағанымен, Николай II үлгісі бойынша (сарбаз киімін соғыс басталғанда киіп, өзінің трагедиялық өліміне дейін шешпеген). Осы кезден бастап алтындатылған күмістелген погондар шығару мүлде тоқтатылды. Шинельдерге погон қорғаныш түсті болса, мундирға жасыл матадан тігілді. Төменгі шендердің жолақтары сәбіз түстес болған.

Шифр түстері былай болды: сары – жаяу әскер, ашық қызыл – атқыштар бөлімі, көгілдір – атты әскер, қызыл – артиллерия, қоңыр - инженерлік әскери бөлім, көк – казактар, ашық жасыл – теміржол әскери бөлімі, Ақ – жүк тасу бөлімі, сәбіз түстес – бекініс бөлімі, қара – интенданттар [32].






1- 9-шы драгун полкының сарбаз баскарушысы, кіші унтер-офицер, 2-200-ші жаяу әскер полкының аға унтер-офицері, 3-Ерікті әскери (қару кезенуші, радист, телеграфшы, барлаушы), 4-Бомбалаушы (ефрейтор) 3-ші артиллериялық батареяның қару кезенушісі, 5-Императордың 8-ші драгун полкының квалификациялық ерікті атқа шабушысы, 6-Ерікті сарбаз 6-ші гренадер полкі, 7-23-ші полктың подпрапорщигі.

**Сурет 16 – Литерлік погондар**

Бейбітшілік уақыттағы шифрлардан бұл шифр ерекшеленді. Литерлар қосылды: **Зп** – запас полкі (запасной полк), **Зк** – каспийлік атқыштар батальоны (закаспийские стрелковые батальоны), **З.С.** – батыс-сібір атқыштар батальоны (западно-сибирские стрелковые батальоны), **ВСС** – шығыс-сібір атқыштар бригадасы (восточно-сибирские стрелковые бригады), **И** – интенданттық топтар (интендантские команды), **Т** – транспорттық топтар (транспортные команды), **ОБ** – жүк тасушы топтар мен батальондар (обозные команды и батальоны), **ПМ** – жаяу тұрғылықты бөлімшелер (пешие местные части), **МЛ** – тұрғылықты лазареттер (местные лазареты) және т.б. Казактар полктерінде өздерінің шифрлары болды. Көптеген бөлімшелер тез жылдам құрылып жатқандықтан погондағы сандар көп болып, айыру қиын болды. Сарбаздар кейде шифрі жоқ погондарды да тағып жүре берді [33].



1-122 полктың поручигінің шинельге тағатын погоны, 2-подпоручик погоны, 3-полковник погоны, 4-генерал-майор погоны, 5-Х кластық әскери чиновниктің погоны.


**Сурет 17 – Ресей әскерінің офицерлерінің дала погондары**

1916 жылы офицерлерге киінуге рұқсат берілді. 1917 жылғы империяның құлауына байланысты сарбаздардың соғысуыға еш қызығушылығы болмайды. Сондықтан соғысушы батальондар жаяу әскери қатарынан түзеледі. Бұлардың погондарында адам бас сүйегіне сүйектердің айқасқан белгісі қара бояумен салынған. Георгий батальоны әскери бөлімдері пайда болыпты. Әулие Георгий ордені белгіленді [34]. Ерікті-мүгедектер, теңіз флоты, әйелдер шабуылдаушы батальоны пайда болды.



1-Ерікті-мүгедектер отряды, 2-Георгий батальоны, 3-өлімге шабуылдаушы әйелдер батальоны, 4-шабуылдаушы өлім батальоны, 5-Теңіз шабуылдаушылар батальоны.

### Сурет 18 – 1917 жылғы погондар



1-2 нұсқа Корнилов дивизиясының инженерлік рота сарбазы, 2-фельдфебель, 3-Корнилов дивизиясының инженерлер ротасының подпоручигі, 4-Марков дивизиясының кіші унтер-офицері.

### Сурет 19 – Корнилов пен Марков дивизиясының погондары

1917 жылы 16 желтоқсонда ВЦИК және СНК Декреті бойынша барлық Ресей символикасы жоққа шығарылды. Жаңа құрылған Қызыл Әскерде ешбір погон болмаған, тіпті еш айырмашылық белгілері де болмаған. Бірақ 1918 жылы большевиктерге қарсы саясаткерлер «Ақтар қозғалысын» құрды.

Генерал Корнилов басқарған әскери саясат бөлімдер құрылды. Әр түрлі киім пішіндері сақталғанмен погондар міндетті түрде тағылатын болды [35].


Патша әскерінің үлгілері бойынша погондар тігілді. Олар әр түрлі түрде, пішіндерде кездескен, оның бәрін айтып көрсету оңай емес. Жалпы түрде бөлуге болады:

1. Түрлі-түсті погондар көп қолданыста болды
2. Офицерлер алтын күміс түстес погондардың кездесуі көп болмаған
3. Қызыл және қара түстер Еріктілер қатарының погондарында көп болды.

1 – округ, фронт, әскердің әскери-инженерлік инспекциясы; корпус, дивизиялардың инженерлері. 2 – жеке сапёрлік роталар, сапёрлік батальондар, бекіністік сапёрлік роталар, 3 – сапёрлік эскадрон, жартылай эскадрондар, 4 – понтондық батальондар, роталар, 5 – электротехникалық бөлімдер, 6 – миналық бөлімдер, 7 – автомобильдік бөлімдер, 8 – жасырыну бөлімдері, 9 – темір жол әскерлері, 10 – темір жол станцияларының, өзен аймақтарының әскери коменданттары, 11 – ЖШҚӘ байланыс инспекциясы, округ, фронт, әскердің байланыс инспекциялары; корпустардың, дивизиялардың байланыс бастықтары, 12 – ЖШҚӘ штабының байланыс пойыздары, байланыс полктері, батальон, рота мен эскадрондары, 13 – радиотелеграфтық батальон мен роталар, 14 – почталық-көгершін станциялар, 15 – артиллерия, 16 – авиабөлімдер, 17 – атты барлаушылар, 18 – пулемётшілер, 19 – музыканттар, 20 – ветеринарлық қызмет, 21 – медициналық қызмет (белгі қызыл бояумен боялады), 22 – сауытты бөлімдер, 23 – танк бөлімдері, 24 – автобронетанктік бөлімдер.

**Сурет 44 – Ілшектік белгілер (эмблемалар)**

1924 жылдың 19 тамызында шыққан КСРО РӘК-ң №1058 бұйрығымен медициналық қызметтің белгісі жойылады және барлық әскери-медициналық ведомствосына жаңа белгі енгізіледі. Дәрігерлердің бұл белгісі 1994 жылға дейін сақталады.

1924 жылдың 4 қазанында шыққан КСРО РӘК-ң №1269 бұйрығына сәйкес ілмектерге тігілетін белгілерден басқа 1919 жылдың 22 тамызында РСФСР-ң №1406 бұйрығымен белгіленген хабарласу жолдары әскерлерінің әскери қызметкерлерімен және темір жол станциялары мен аймақтардың әскери коменданттары мен сол жақ жеңде шынтақтан жоғары қолға тағылатын белгі бекітілді. Белгінің өлшемі: биіктігі 8 см, ені 12 см.



1- Хабарласу жолдары әскерінің командалық және басқарушылық құрамның қолға тағылатын жапсырмасы, 2- хабарласу жолдары әскерінің саяси құрамның жапсырмасы

### Сурет 45 – 1919 жылғы үлгіндегі жапсырмалар

1924 жылы 8 тамызда КСРО РӘК-ң №1030 бұйрығымен авиацияның жазғы құрамы үшін (ұшқыштар мен штурмандар) сол жақ жеңге шынтақтан жоғары қолға тағылатын белгілер бекітіледі.

1925 жылдың 6 қарашасында КСРО РӘК-ң №1097 бұйрығымен авиацияның техникалық құрамы үшін қолға тағылатын белгі бекітілді.

Белгілер жеңнің матасында түрлі-түсті жібекпен тігілді. Белгінің өлшемі 11×8 см.



1 – ұшақтар, автожирлардың ұшқыштары, штурмандары, 2 – дирижабльдердің, еркін және байланатын аэростаттардың ұшқыштары, штурмандары, 3 – авиатехниктер.

#### **Сурет 46 – Ұшқыштардың арасында «тауық» деген атау алған белгілер**

1926 жылдың 2 желтоқсанында КСРО РӘК №721 бұйрығымен әскери-химиялық бөлімдер мен мекемелер үшін ілмектер мен жиектерінің түсі белгіленді – қара, қара және ілмектік белгі енгізілді.

1932 жылдың 18 қарашасында шыққан КСРО РӘК-ң №220 бұйрығымен берілген қызметтік санатына тәуелсіз әскери атташелер (кеңестік әскери дипломаттар) үшін қайырмасы көк түсті жиегі бар бірыңғай ілмектер енгізілді. Ілмектердің қайырмасында жиегі алтын жіппен көмкерілген қызыл мата жұлдыз болды.


Бұл белгілердің барлығы 1936 жылдың наурызына дейін ғана сақталады. Ол жылы жеке атақтарды енгізгеннен кейін ілмектердің түрі мен өлшемі өзгеріп, белгілердің саны айтарлықтай кемиді. Сонымен қатар жаңа белгілердің негізгі принципі – әскери қызметкердің нақты мамандығын емес, белгілі бір әскер түріне әскери қызметкер мамандығының қатыстылығын айқындау болды.

**1936-42 жылдардағы ЖШҚӘ әскери түрлерінің эмблемалары.** Әскери қызметкерлерді әскерлердің қай әскери түріне жататындығын айырым үшін 1922 жылғы 31 қаңтардағы РВСР №322 бұйрығымен эмблемаларды ілмектерге тағу енгізілген болатын. эмблемалардың кескіні, мөлшері бірнеше рет өзгерді.

1935 жылдың аяғында арнайы лауазымдар енгізілгенмен соң 1936 жылғы 10 наурызда КСРО ХҚК-ның №33 жарлығы бойынша жаңа эмблемаларды енгізген болатын. Эмблемалардың саны маңызды қысқарған 1924 жылы жиырма бестен он жетіге дейін.

Қатардағы жауынгер үшін, кіші командалық әскери құрамды басқарушылар үшін эмблемаларды трафаретке сары бояумен бояп ілмектерге тағылады деп бекітелді.

Орташа, үлкен және ең жоғары командалық әскери құрамды басқарушыларға эмблемалар мыстан штампталған болады делінген.



1- Автобронетанктік әскер, 2- барлық әскердің әскери-техникалық құрамы, 3- әскери-әуе күштері, 4- темір жол әскері, 5- артиллерия және артиллериялық бөлімшелері, 6- барлық әскердің автомобильдік бөлімдер және жүргізушілері, 7- барлық әскердің байланысы әскерлері және байланысшылары, 8- инженерлік әскерлер, 9- барлық әскерлердің әскери-дәрігерлік құрамы, 10- барлық әскери түрлердің әскери-мал дәрігерлік құрамы (сары түсті дәрігерлік эмблемалардан айырмашылығы түсі ақ), 11- барлық әскердің химиялық әскері және химиялық бөлімшелері, 12- барлық әскердің саперлік бөлімдері және саперлік бөлімшелері, 13- барлық әскердің

әскери музыканттары, 14- барлық әскердің әскеризангерлік құрамы, 16- қалқымалы бөлімдер және әскери инженерлік бөлімшелері.

### **Сурет 47 – 1936 жылғы ілмектерде тағылатын эмблемалардың үлгісі**

Эмблемалардың кішкентай мөлшері және жағылған бояудың сапасының төмен бояуынан трафаретке ілу қиын болғандықтан барлығына мыстан эмблема тағу шешілді. Өндірісте өнеркәсіптің қуаттылығының аздығынан әскерилерге эмблемаларды жеткізуді уақытылы орындай алмады. Осы проблема соғыс басталғанға дейін толық шешілмеді. Осыған орай әскери қызметкерлердің біразы ілмектерде эмблемалары болған жоқ немесе 1924-36 жылғы ескірген үлгілерді тағып жүрді.

Әскери қызметкерлердің эмблемаларды ілмектеріне орналастыру үлгісі. Артиллерияның эмблемасы шинельдің ілмегінде және қызыл әскерлердің гимнастеркасының ілмегінде орналасты.

1936 жылғы 31 тамыздағы КСРО ХҚК №165 бұйрығымен теміржол әскерінің эмблемалары мына түрге (эмблеманың ортасында қызыл эмальды жұлдыз, эмблеманың түсі сары) өзгертілді.

Ілмектердің түсі мен жиектеулері арқылы әскери түрлердің қандай бөлімге (полк) жататын анықтайды, ал эмблема әскери қызметкерлердің осы бөлімшедегі мамандығын анықтады. Мысалы, артиллериялық батареяның атқыштар полкінің әскери қызметкерлері таңқурай түсті ілмектерде жаяу әскердің артиллериялық эмблемаларымен тағып жүрді, авиациялық полкі көкшіл ілмектерде әскери-техникалық құрамының эмблемасын тағып жүрді.

Саяси қызметкерлер қызметін атқарған жердің ілмектерінің түсіндей ілмектерді тақты, оған ешқандай эмблема таққан жоқ.

Нысаннада тоғысқан бесатар түрінде суреттелген жаяу әскердің эмблемаларын әдеби кітаптан да жиі кездестіруге болады. Бұл ақиқат талапқа сай емес. Бұндай эмблемалар ЖШҚӘ-ның бірде-бір кезеңінде, қандай да болмасын басқа кезеңде болған жоқ.

Тағыда әдебиеттерде каваллериялық эмблемалар тоғысқан дойбы тастары түрінде бейнеленген. Бұндай эмблема ЖШҚӘ-да 1922 жылдың қаңтардан бастап 1924 жылдың шілдесіне дейін және 1943 жылдың қаңтарында болды. Қарастырылып отырған кезеңде каваллерияда жаяу әскердегі сияқты эмблема болған жоқ.

1941 жылғы 1 тамыздағы КСРО ХҚК-ның №253 бұйрығы бойынша түрлі түсті ілмектерді және барлық категорияларды ерекшелейтін белгілерді тағу тыйым салынды. Эблемалар мен ерекшелейтін белгілер жасыл қорғаушы түсті ілмектерде тағылу туралы бұйрықпен көшірілді. Барлық жеңдегі белгілер алынып тасталды.

1942 жылғы 30 наурыздағы КСРО ХҚК №93 бұйрығымен 1936 жылы әскери-шаруашылық және әкімшілік қызметтің жоғары басқару құрамы үшін енгізілген эмблемалар интенданттық және әкімшілік қызметтің барлық әскери қызметкерлерінің эмблемасы ретінде енгізілді, бірақ эмблема тек қана алтын түсті болды. Бұл эмблеманың қорғаушы түс нұсқасы енгізілген жоқ. Барлық әскер түрлерінің әскери-шаруашылық және әкімшілік құрамының эмблемасы осы бұйрықпен алынып тасталды.

1942 жылғы 12 сәуірдегі КСРО ХҚК №121 бұйрығымен әскери Әуе Күштерінің авиациялық-техникалық құрамы үшін әскери-техникалық құрамның бұрынғы таққан эмблемаларының орнына өздерінің алтын түсті эмблемалары енгізілді. Сонымен қатар, оларға өлшемі 11x8 см болатын сол жақ жеңдегі шынтақтан жоғары жеріне жапсырманың жаңа үлгісі қайтарылды. Бұл жапсырма жеңге немесе көкшіл сұр матаға түрлі-түсті жібек жіптермен кестеленді.

Жоғарғы әскери-саяси құрам үшін қосымша айырым белгілері диаметрі 55 мм қызыл шұға жұлдыздар болатын. Олар киімнің барлық түріне қайырмадан жоғары екі жеңге тігілетін. Барлық атақтар үшін жұлдыздар бірдей болды. Жоғарғы басқарушы құрамның әскери қызметкерлерінде жеңдерінде қосымша айырым белгілері болған жоқ [43].

Атақтар бойынша айырым белгілерінен басқа ілмектерге әскерилердің қызметтері бойынша металл алтын белгілер бекітілді. 1936 жылдың 10 наурызында КСРО НКО-ң № 33 бұйрығымен олар жойылып, әскер түрлері бойынша жаңа белгілер енгізілді. Барлық әскер түрлерінің әскери-саяси құрамында белгі болған жоқ. Командарм, одан жоғары әскер басшылары, жаяу әскер, атты әскердің әскерлерінде белгі болған жоқ.

Бұл кезеңде дерекөздеріне сүйеніп, 1917 жылы жойылып, одан қайта 1918 жылы шығып, дамуына бет бұрғаны байқалады. Өйткені ол кезде тікелей Азаматтық соғыстың қатысуымен пайда болды. Яғни, құрылған ЖШҚӘ өзара бір-бірін ерекшелеу үшін айырым белгілерді

енгізген болатын. Ал, ЖШҚӘ айырым белгілердің маңыздылығы соншалықты оны тағуға ыңғайлы тәсілдерін, пішіндерін, түрлі-түсті тігістерін бірінеше рет өзгертіп дамуына өз үлестерін қосты.

### **1.3 Кеңес әскеріндегі айырым белгілердің тарихы**

1940 жылы Қызыл Әскерде атақтардың өзгеруіне байланысты кіші командалық және басқарушы құрамның айырым белгілері де өзгереді. 1940 жылы 2 қарашасында КСРО НКО-ң № 391 бұйрығымен қатардағы құрам үшін жеке атақтар бекітілді: қызыл әскер; ефрейтор; кіші сержант; аға сержант; старшина.

Бұл бұйрықпен оларға жаңа айырым белгілері енгізілді. Оларға көшу 1941 жылдың 1 қаңтарында болды.

Бұған дейін іші командалық және басқарушы құрамның жеке атақтары болмаған, ол қызмет бойынша айырым белгілерін тағатын.

Үшбұрыштың түріндегі айырым белгілері гимнастерка және шинельдің жағасында ілмекте орналасатын. Гимнастеркаға арналған ілмектер ұзындығы 10 см, биіктігі 3,25 см параллелограмм түрінде болды, шинельге арналған ілмектер биіктігі 11 см, ені 5,5 см ромб түрінде болды.

Ілмектердің жолы мен жиегінің түсі әскер түрімен анықталады: жаяу әскер – қызыл, күрән, қара; атты әскер – көк, қара; артиллерия – қара, қызыл; автобронетанкілік әскер – қара барқыт, қызыл; техникалық әскер – қара, көк; химиялық әскер - қара, қара; авиация – көгілдір, қара; әскери-шаруашылық, әкімшіліктік, юстиция, әскери-медициналық, әскери-ветеринарлық қызметтер – жасыл, қызыл.

Атақтар үшбұрыш санымен анықталатын: *1 үшбұрыш* – кіші сержант; *2 үшбұрыш* – сержант; *3 үшбұрыш* – аға сержант; *4 үшбұрыш* – старшина.

Тең бүйірлі үшбұрыштың бір жағы 1 см мыстан жасалып, қызыл бояумен боялатын. Ефрейтордың атағы ал қызыл сызықшамен белгіленетін. Сол сызықша сержант ілмектерінде да сақталады. Ол сызықша ілмектің бұрышындағы қызыл шұғалы үшбұрышпен сәйкесіп ефрейторды емес, сержанттық мектептің немесе мамандар мектебінің курсантын білдіретін. Старшинаның ілемегі жіңішке алтын оқамен көмкеріліп, бірақ офицердікіне қарағанда оқа түрлі-түсті

оқаның орнына емес, одан кейін келетін. Сонымен қатар қатардағы және кіші командалық және басқарушы құрамның барлық атақтары үшін ілмектердің бұрыштарына алтын үшбұрыштар енгізіледі [44].

Офицерлік училищелердің курсанттарының ілмектері мынамен ерекшеленетін: барлық училищелер үшін ілмектердің сыртқа жиегі қызыл түсті, әскер түрлерінің түсі сияқты ішік жиек сырттағыдан жіңішке алтын оқамен бөлінетін. Училищенің әскер түрлерінің белгісі ішік жиекте орналасатын. Сонда училищенің қысқарған атауының шифровкасы орналасатын. Сержанттық атақтағы курсанттар үшбұрыштарды сыртқы жиекте оқадан жоғары гимнастеркалық ілмектерге тақты, ал шинельдік ілмектерге шифровканың орнында.

Атақтар бойынша айырым белгілеріне басқа ілмектерді 1936 жылдың 10 наурызында КСРО НКО-ң № 33 бұйрығымен бекітілген әскер түрлерінің белгілерін тағу анықталды. Белгілер металл алтын түсті болуы мүмкін немесе траферат бойынша сары бояумен боялатын.



1- қызыл әскерінің артиллериясы (2.11.40 ж НКО № 391), 2- полктық мектептің курсанты (5.04.40 ж НКО № 87), 3- артиллерия ефрейторы (2.11.40 НКО № 391), 4-артиллерия кіші сержантының ілмегі (2.11.40 НКО № 391), 5-артиллерия старшинасының ілмегі (2.11.40 ж. НКО № 391).

### **Сурет 48 – 1940 жылғы ілмектер**

1941 жылдың 1 тамызында КСРО НКО-ң № 253 бұйрығымен әскерлердің барлық санаттары үшін түрлі-түсті ілмек мен айырым белгілерін тағу күшін жойды. Жасыл түсті белгі, ілмек айырым белгілеріне көшу бұйрығы берілді. Қорғаныс ілмектеріне көшумен бірге ефрейторлардың айырым белгілері жойылды деуге болады.

Алайда соғыс жағдайында жеке әскердің санының көбеюімен ілмектер мен айырым белгілерді негізінен жаппай шыққан әскерлер алатын. Оларға бейбітшілік уақытында әскери уақыттың айырым белгілері бар форма әзірлеген болатын. Басқалары мүмкіндігіне қарай жаңа белгілерге көшетін кейбір қолбасшылар әскери уақыттың айырым белгілеріне көшуге қарсы болды. Мысалы, Киев ерекше әскери округының механицианған корпусының 9-шы командирі генерал-лейтенант Рокоссовский К.К. Өзінің бұйрығымен барлық командирлерге айырым белгілерін жорықтыққа ауыстыруға жол бермеді. Оның ойынша, Қызыл Әскерлер өз командирлерін соғыста көруі керек [45].

Жабдықтаудағы қиындықтар әскерде бір мезгілде түрлі айырым белгілері түрлі үйлесімде кездесетінге әкелді (жорықтық ілмектердегі қызыл үшбұрыштар, түрлі-түсті ілмектердегі жорықтық үшбұрыштар және т.б. ) Бұл жағдай әскердің 1943 жылдың қыс-көктемінде погонға көшкенге дейін сақталады, ал жылдық округтарда жаз ортасына, тіпті 1943 жылдың күзіне дейін сақталады.

*Орта аға командалық және басқарушы құрамы.* 1940 жылы басқарушы құрамымен аға командьылығы атақтық шкаласы өзгерді. 1940 жылының 26 шілдесіндегі КСРО НКО-нің № 26 бұйрығымен «полковник» және «аға батальондық комиссар» деген атақтар енгізілді. Осыған байланысты аға командьық және басқарушы құрамдарының атақтар белгілері өзгерді.

Негізгі ажыратқыш белгілері болып шинельдегі және гимнастерка жағасындағы және тікбұрыштар («шпалы») болып

табылады. Гимнастеркадағы ілмектері параллелограмдық пішінде болды, ұзындығы 10 см және биіктігі 3,25 см, шинельде жоғары жағы бүгілген ромбалық пішінде ілмек 11 см, жалпақтығы 8,5 см.

Әскери қызметкерлері орта және аға командалық құрылымдарының ілмектерінің түстері болған жоқ тек қана шеттері жіңішке алтындалатын оқамен тігілген.


Орта және аға саяси, техникалық, әкімшілік, ветеринарлық құрамының, юстиция органдары, қатардағы жауынгерлердей, түсті жиектерін безендірілген (окоптовка) ілмек болды.

Ілмектің түсі және ілмектің жиектерінің түсі әскер түрімен белгіленетін: Пехота – қызғылт, қара; Кавалерия – көк, қара; Артиллерия – қара, қызыл; Автобронетанктық әскер – қара бархат, қызыл; Техникалық әскер – қара, көк; Химиялық әскер – қара, қара; Авиация – көгілдір, қара; Әскери шаруашылық, әкімшілік, юстиция, әскери-медициналық, әскери ветеринарлық – қара-жасыл, қызыл.

1936 жылы 10 наурызда КСРО НКО № 33 бұйрығымен ілмектерде атақтық белгілермен қоса әскери эмблемаларында көрсетілуі қабылданды. Эмблема алтын түсті темірден болатын.

*Әскери қызметкерлердің орта және аға командалық құрылымының гимнастерка, френч және шинельдегі ілмектері.* Автобронетанктық, техникалық әскер, артиллерия, химиялық әскерлерінде ілмектерінің шеттерінде жіңішке алтындалатын оқа. Орта командалық құрамдарының ажыратқыш белгілері қаралау қызыл эмаль жағылған мыс квадраты. Квадраттың өлшемі 1x1 см [46]. Жай жағдайда оларды «кубтар» немесе «кубари» деп атайды. Аға командалық құрамы ажыратқыштары қаралау-қызыл эмальмен жағылған мыс оларды «шпалы» деп атайды.

*Әскери қызметкерінің орта және аға командалық құрамның саяси кеңестер гимнастерка, френч және шинель ілмектері.* Бұнда техникалық әскерде ілмегі (жиегі көк). Саяси қызметкерлердің эмблемалары жоқ, қалғандары өз әскерлерінің эмблемаларымен жүрет. Ажыратқыш белгілер – кубик және шпалдар командалық құрам тәрізді.



1- капитанның және теңдерді, 2- аға лейтенант және оған теңдері.

**Сурет 49 – Ілмектерде ажыратқыш белгілерінің орналасуының мысалдары**

*Ілмектердің ажыратқыш белгілері. А. Орта командалық және басқару құрамы.*

*1 кубик. Кіші лейтенант, кіші әскери техник*

*2 кубик. Лейтенант, кіші политрук, әскери техник 2-ші рангтағы, техник-интендант 2-ші рангтағы, әскери фельдшер, кіші әскери юрист.*

*3 кубик. Аға лейтенант, политрук, әскери техник 1 рангтегі, техник-интендант 1 ранг, аға әскери фельдшер, әскери юрист.*

*Б. Аға командалық және басшылар құрамы.*

*1 шпала. Капитан, аға политрук, әскери инженер, интендант, әскери дәрігер, аға әскери юрист.*

*2 шпала. Майор, батальондық комиссар, әскери инженер 2 ранг, интендант 2 ранг, әскери дәрігер 2 ранг, әскери юрист 2 ранг.*

*3 шпала. Подполковник, аға батальон комиссары, әскери инженер 1 ранг, интендант 1 ранг, әскери дәрігер 1 ранг, әскери юрист 2 ранг.*


*4 шпала. Полковник, полктың комиссары.*

Орта және аға командалық құрам, орта және аға саяси құрам жеңдерінде қосымша белгі болды, бірақ бүкіл саяси жұмыскерлерінде қосымша белгі болды, бірақ бүкіл саяси жұмыскерлерінде бірдей болды, ал командирлерде атақтарымен ажыратылатын.



1-аға лейтенанттық шевроны, 2-саяси жұмыскердің жеңіндегі жұлдыз.

**Сурет 50 - Саяси жұмыскер мен командирлердің жеңдеріндегі белгілер**



1- кіші лейтенант, 2- лейтенант, 3- аға лейтенант, 4- капитан, 5- майор және полковник, 6- полковник.

**Сурет 51 – Офицерлердің шеvronдары**

Әскерлердің ілмек эмблемалары болуы маңызды болғанымен оларды дайындауы және әскерді қамтамасыз етуі қиынға соқты. Эмблема қымбат қызыл мыс қажет еді. Эмблемалар станоктарда шығарылатын бірақ мемлекетте станоктар жеткіліксіз болатын.

Эмблеманы алтындатылған жіппен тігуіне шектелутін. Осы жағдайлардан қызыл жауынгерлер және сержанттар, офицерлердің басым бөлігі ілмектерінде эмблемасыз болатын.

1941 жылы 1 тамызында КСРО НКО-нің № 253 бұйрығымен әскери қызметкерлерінің бар категориясына түсті ілмек және белгілеріне шек қойылды. Қорғаныс жасыл түске ауысуына бұйырды. Соғыс жағдайында және әскердің тез көбеюіне байланысты. Әскери белгілерін тек қана жаппан шақырылғандар ғана алды [47]. Оларға бейбітшілік уақытында, соғыс уақытындағы ажыратушы белгі мен форма дайындалған. Қалғандары жаңа белгілеріне жағдайларына қарап ауысып жатты. Әскери уақыттағы белгілеріне ауысуына қарсылық көрсеткендерде болды. Мысалы, Киевтік ерекше әскери округінің 9-ші механизированный корпусының командирі Рокоссовский К.К. өз бұйрығында командирлеріне белгілерін ауыстыруға тыйым салынды, қызылжауынгер соғыста өздерінің командирлерін көруі қажет деді.

Әскерде бір уақытта әр түрлі белгілер болғаны қиынға соқты. Бұндай қиын жағдай 1943 жылы әскердің қыстағы-көктемдегі погондарына көшкеніне дейін болды, ал тылдарда жаздың ортасына дейін кейбір жерде күзге дейін байқалды.

1942 жылы 9 қазанында ГКО шешімімен әскермен флотта. Әскери комиссарлар ликвидацияға ұшырады, оларға командалық атақтар берілді. Атақтар бір саты төмен берілді. Мысалы, егер бұрын кіші политрук лейтенантка тең болса, жаңа атақ берілген де оған-кіші лейтенант атағы берілді. Саяси қызметкерлер қысқартылды. Кешегі политруктар, комиссарлар, командирдің орынбасарлары болды, олар бөлімдердегі командирмен тең болса, қазір олардың орынбасарлары болды.

*Жоғарғы командалық және басқарушылар құрамы.* 1940 жылы жоғарғы командалық құрамының атақтар шкаласы өзгерді. КСРО-ның жоғарғы Президиум Кеңесінің 1940 жылы 7 мамырдағы үкімімен жоғарғы командалық құрамына келесі атақтар енгізілді: генерал-майор, генерал-лейтенант, генерал-полковник, әскер генералы, Кеңес Одағының Маршалы.

Саяси жұмыскерлерге, әскери-техникалық құрамы, әкімшілік-шаруашылық құрылымы, юристік құрамы, ветеринар және медициналықтардың атақтары сол қалпы қалды. Бірақ «комбриг» атағы алынды. Оларға жаңа атақ тек қана аттестаттау комиссиямен

бекітілетін. Басым бөлігі «комбригтер» полковник атағына ие болды, тек азы ғана генерал болды. Бірақ «комбригтер» ілмектерінде полковниктің шпалынын орнына комбригтік ромбтар тағып жүрді. Соғыс басталғаннан бастап 1942 жылы күзіне дейін ілмектеріне ромб таққандарды кездестіруге болатын [48].

Қарулы Күштер КСРО үкіметі мен КСРО НКО-нің 13 шілде 1940 жылы № 212 бұйрығымен жаңа ажырату белгілері енгізіледі. Жоғарғы басшы құрамында, белгілер сол қалпы қалады – ромбылар, екіден төртке дейін.

Осы бұйрыққа сәйкес негізгі белгілер болып шинель, китель, мундирдағы жағаларындағы ілмек болып табылады. Бүкіл киімдерде 1935 жылы ілмектермен салыстырғанда бір пішін болды, үстінгі жағы бұратылған ромб ілмек биіктігі 11,5 см, жалпақтығы 8,5 см, шинельге, мундир және кительге жалпақтығы 7,5 см, биіктігі 11 см.

Ілмектердің шеттері жіңішке алтындатылған қанатшамен тігілетін. Атақтар алтындатылған диаметрі 1 см жұлдыздардың санымен білінетін. Ілмектерден басқа генералдар жеңдерінде абшлагтан биігірек немесе монжеттердегі екі жеңдерінде шеврондар алтындатылған оқа қызыл покладкада, бірдей атақ генерал-майордан, генерал-полковникке дейін, ал әскер генерал мен Кеңес Одағының Маршалына бөлек.

Жоғары саяси құрамының әскери қызметкерлері екі жеңде общлаг немесе манжеттен биік диаметрі 55 см қызыл сукондық жұлдыздары болды. Жұлдыздардың шеттері қызыл жібек жіппен тігілген, ал ортасында алтындау жіппен тігілген орақпен балға болатын.

Жоғары басқару құрамының әскери қызметкерлерінің қосымша белгілері болған жоқ.

*Ілмектің жиек түстері:* пехота мен кавалерия – қызғылт; артиллерия, автобронетанкілік әскер – қараша; авиация – көгілдір; қалғандары – қызыл күрең.


Барлық әскери қызметкерлер жоғарғы командалық және құрам тек маршал, әскери генерал, пехота, кавалерия және барлық әскердің саяси жұмыскерлерін санамағанда, ілмектерінде 1936 жылы 10 наурыз КСРО НКО № 33 бұйрығымен бекітілгендегі өздерінің атақтар ерекшеліктерімен қоса әскери эмблемаларында тағып жүрді. Әскери-шаруашылық және әкімшілік құрамы өз эмблемаларына ие болды.

*Ілмектердегі ажырату белгілер: 2 жұлдызша - Генерал-майор; 2 ромб - Дивизиялық комиссар, дивинженер, дивинтендант, дивдәрігер, девветдәрігер, дивәскери юрист; 3 жұлдызша - Генерал-лейтенант; 3 ромб - Корпустық комиссар, коринженер, коринтендант, кордәрігер, корветдәрігер, корәскери юрист; 4 жұлдызша - Генерал-полковник; 4 ромб - Әскери комиссар, 2 рангтағы, әскери инженер, әскери интендант, әскери ветдәрігер, әскери дәрігер, әскери юрист; 5 жұлдызша - Әскери генерал; 4 ромб, 1 алтындатылған жұлдызша - Әскери комиссар 1 ранг 1 жұлдыз; 1 үлкен жұлдыз лавр жапырағымен (лавровыми веточками) - Кеңес Одағының Маршалы.*



1-генерал-майор және оған теңдері тек пехота, кавалерия, авиация, артиллерия, автобронетанкылық әскерлерді санамағанда, 2-генерал-лейтенант авиация, 3- генерал-полковник артиллерия, автобронетанкылық әскер, 4- әскери генерал, 5- Кеңес Одағының Маршалы.

**Сурет 52 – Жоғарғы командалық және басқарушылар құрамының ілмектеріндегі ажырату белгілер**



1- генерал-майор, генерал-лейтенант, генерал-полковник, 2-әскер генералы, 3-Кеңес Одағының Маршалы.

**Сурет 53 – Жоғарғы командалық құрамның жеңдеріндегі белгілер**

1941 жылы 1 тамызында КСРО НКО № 253 бұйрығымен түсті ілмекпен ажырату белгілері әскери қызметкерлерінің бәріне тыйым салынды. Жасыл түсті эмблемаларына көшу бұйрылды. Бірақ тек қана запастағы шақырылған әскерлер ғана ол киіммен қамтамасыз етілді. Бірақ әскери басшылары басқа эмблемаға көшуіне қарсы болды. Бейбітшілік уақытындағы белгілерді Ген штаб генералдары мен офицерлер, қорғаныс наркомдағылар ауыстырылған жоқ. Әскери соғыс формамен баяндамамен немесе шақырумен Сталиннің алдымен келуде әдепсіздікке жатпайтын. Сталин былай келгендерге жақтырпайтының сырттай білдірмесе де бәрі оған ұнамайтынын сезетін.

Соғыстың басында көптеген әскери қызметкерлер түрмеден босатылып қатарға енді. Олар жаңа атақ алмастан өздерінің ескі атақтарымен (комбриг, комдив, комкор) өз белгілерін ілмекке тағып документтерде өздерінің ескі атақтарын жазды. Осыдан соғыстың басында ілмектерінде екі-үш ромбы бар әскери қызметкерлерді кездесуге болуы шарт.

ГКО шешімімен 1942 жылы 9 қазаннан әскерде және флотта әскери комиссарлар ликвидацияға ұшырап жаңа атаққа ие болды. Егерде дивизиондық комиссар бұрын генерал-майорға тең болса, жаңа атақ оған полковник болып берілді. Егер бұрын комиссарлар

командирлармен тең болса енді олардың орынбасарлары болып қалды.

1942 жылы көктемінен 1943 жылы көктеміне дейін басқарушы құрамының атақтарының көптеген өзгеріс болсада, погонды енгізгенше белгілерге әсер еткен жоқ.

НКВД қарамағындағы ерекше бөлім, милиция, шекарашылар және НКВД дивизиясының әскери қызметкерлері өзгеше ажырату белгілері болды. Сержанттық құрам ұшбұрыштың орнына «кубик», орта басқарушы құрамы, кубиктің орнына «шпалдар», аға басқарушы құрамы «шпалдың» орнына «ромбтар». Осы фактілерді білмегендік, суретпен, кино кадрларда әскери қызметкерлердің атағын ажыратуға қиындатады [49].

*1943-55 жж. Қызыл (Кеңес) әскердің әскери қызметкерлерінің атақтарының айырым белгілері.*

*Әскери қызметкерлер, кіші командалық және басқарушы құрам (сарбаздар мен сержанттар).* 1943 жылдың қаңтарында Қызыл әскерде атақтар бойынша айырым белгілердің соңғы түбірлі өзгерісі болады - погондар енгізіледі. Бұл айырым белгілер Қызыл (Кеңес) әскері 1991 жыл болғанға дейін өмір сүреді. Погонның түсі, түрі, орналасуы мен жапсырмалардың түсі өзгереді, бірақ атақтар бойынша әскери қызметкерлерді айыру жүйесі жалпы өзгермейді.

Погондар арқылы атақтарды айырым белгілерінің жүйесі төңкеріске дейінгі Ресейдің әскерінен алынған болатын. Погонның өлшемдері, түрі болығымен патшалық әскердің погонын қайталады, алайда жапсырмалардың саны, түсі басқа болып, олар басқа атақтарды анықтады. Сонымен қатар жаңа жүйеге Вермахтың погондық жүйесінің әсері болды (әскер түрлері бойынша қатарлық пен сержанттық құрамның погондарының айналасында түрлі-түсті жиектер)

Погондар 1943 жылдың 6 қаңтарында КСРО-ң Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен енгізілді. 1943 жылдың 15 қаңтарында НКО № 25 бұйрық шығарды. Онда погонның түрі, түсі, өлшемі, погондағы айырым белгілері нақтыланды.

Жаңа формада 1919 жылдан бастап Кеңестік униформада үлкен мағына білдірген ілмектер сәндік болып, жарым-жартылай ғана әскери қызметкердің қызмет жағдайын білдіретін бөлшек болады. Шинельдерде жорықтық погондардың түсі мен жиегі погондағымен бірдей. Ілмектің жоғарғы бөлігінде түйме орналасады [50].

Салтанатты мундирлерде жағада көлденеңнен орналасатын ілмектің түсі погон түсімен анықталады. Қатардағыларды ондай ілмекте еш белгі жоқ, сержанттарда барлық атақтарға бірдей сары немес ақ басоннан (бау) жасалған жапсырма орналасады.



1-артиллерия немесе танк әскерінің сарбазы, 2-авиация.

### **Сурет 54 – 1943 жылғы мундирдің жағасына ілмектерді орналастыру**

Бұл бұйрық арқылы қатардағы және сержанттық құрым үшін погонның екі түрі енгізілетіні анықталды – күнделікті және жорықтық. Күнделікті погондар салтанатты формаға – егерде күнделікті ретінде қолданылса, күнделікті – жорықтық формаға арналған. Жорықтық погондар егер ол жорықтық ретінде қолданылса – күнделікті жорықтық формаға арналған. Курсанттарда тек күнделікті погондар бар, ал жорықтық погондары жоқ. Екі погонның да өлшемдері бірдей: ені 6 см, ұзындығы 14-16 см (киімнің өлшеміне байланысты).

*Күнделікті погондар.* Түрлі-түсті шұғадан әскер түрлері бойынша түрлі-түсті жиегімен жасалады. Түстері: жалпыәскери және жаяу әскер (мотоатқыштар) – қызыл күрең, қара; атты әскер – көк, қара; артиллерия мен бронетанкілік әскер – қара, қызыл; барлық техникалық әскер – қара, қара; медициналық және ветеринарлық қызмет – жасыл, қызыл.

Погондарға трафарет бойынша полктің нөмірі бояумен жазылады.

Әскер түрлері бойынша белгілер погонның ортаңғы бөлігіне орналасады. Қатардағылар мен командалық құрам үшін белгілер – алтын; техникалық құрамның, тылдық құрамның, медициналық және ветеринарлық қызметтің сержанттары үшін белгілер – күміс. Жаяу әскер мен мотоатқыштарда белгілер жоқ.

Атактарды айыру үшін погондардың жоғарғы бөлігінде көлденең жапсырмалар орналасады. Бұл жапсырмалар үш өлшемді: жіңішкесінің ені 1 см, кеңінің ені 3 см, старшиналардың көлденең жапсырмалары үшін ені 1,5 см. Жапсырмалардың түсі командалық құрам үшін сары, техникалық, тылдық құрамның, медициналық және ветеринарлық қызметтердің және қатардағы емес құрамның сержанттары үшін ақ-сұр. Жапсырмалар жібек басоннан (баудан) фабрикалық тәсілмен жасалады. Командалық училищелердің курсанттарында погонның үш жағында алтын оқадан жасалған көмкерме бар, ал техникалық, интенданттық, медициналық және ветеринарлық училищелердің курсанттарында көмкерме күміс оқадан. Сержанттық жапсырмалар погонның екі жағында орналасады.



1 – инженерлік әскердің старшинасы, 2 – атты әскердің (47 атты әскер полкі) аға сержанты, 3 – авиация сержанты (17 шабуылшы авиациялық полк), 4 – бронетанкілік әскердің (2 танктік бригада) кіші

сержанты, 5 – артиллерия эфрейторы (3 зеңбірек полкі), 6 – жаяу әскердің (112 атқыштар полкі) қатардағы жауынгері.

### **Сурет 55 – 1943 жылғы кіші командалық және әскери қызметшілер құрамының күнделікті погондары**

Жорықтық погондар әскер түрлерінің түстері бойынша жиектері бар хаки түсті шұғадан жасалынды. Жиектерінің түстері: жаяу әскер, мотоатқыштар – қызыл күрең; артиллерия, бронетанктік әскер – қызыл; авиация – көгілдір; атты әскер – көк; барлық техникалық әскер – қара; медициналық, ветеринарлық қызмет – жасыл.

Жорықтық погондарда ешқандай белгі мен нөмірлер болған жоқ. Жібек басоннан (бау) атақтар бойынша жапсырмалар командалық, медициналық, ветеринарлық, интенданттық үшін қоңыр түсті [51].

*Орта, аға командалық және басқарушы құрам (кіші және аға офицерлер).* 1943 жылдың қаңтарында Қызыл әскерде атақтар бойынша айырым белгілердің соңғы түбірлі өзгерісі болды – погондар енгізілді. Бұл айырым белгілер Қызыл әскер (Кеңес) 1991 болғанға дейін өмір сүреді. Погонның түсі, түрі, жұлдызшалардың орналасуы өзгереді, бірақ жалпы атақтар бойынша әскери қызметкерлерді айыру жүйесі өзгермейді.

Погондар арқылы атақтарды айырудың тәсілі 1918 жылға дейінгі Ресей патшалық әскерінен алынған болатын. Погонның өлшемі, түрі, суреті патшалық әскердің погонын толығымен қайталады, алайда жұлдызшалардың орналасуы басқаша болды. Мысалы, жұлдызшалары жоқ офицерлік погондардан толығымен бас тартты (1917ж. төңкеріске дейін капитан мен полковниктің погонында жұлдызша болған жоқ).

Кіші офицерлерге олардан жоғарыларға қарағанда жұлдызшаларды кішіректеу етіп жасады (төңкеріске дейін барлық шендердің жұлдызшалары бірөлшемді болатын). Күнделікті погондарды жасаудың технологиясы да басқаша болды. Егер 1917 жылға дейін офицерлік погонды жасау үшін сарбаздық погон алынып, оған оқалардың ортасына жіңішке жолақтар қалдыра отырып алтын немесе күміс оқаның екі (обер-офицерлер үшін) немесе үш (штаб-офицерлер үшін) қатары тігілсе, қазіргі погондарда жіңішке түрлі-түсті сызықша (немесе екеу) оқамен тұтас бір дүние етіп жасалады. Бірақ бұл сызықшаның атауы бұрынғыдай «жолақша» болып қалды.

Жорықтық погондарда төңкеріске дейін сияқты түрлі-түрлі сызықша (немесе екеу) шұғалық негізге тігілді.

Погондар 1943 жылдың 6 қаңтарында шыққан КСРО-ң Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен енгізілді [52]. 1943 жылдың 15 қаңтарында НКО № 25 бұйрық шығарады. Онда погонның түрі, түсі, өлшемі, погондағы айырым белгілер нақтыланады.

Бұл бұйрықпен офицерлік құрам үшін погонның екі түрі енгізілетіні анықталады – күнделікті және жорықтық. Күнделікті погондар салтанатты және күнделікті форма үшін, сонымен қатар, егер ол күнделікті ретінде қолданылса, жорықтық форма үшін де қолданылады. Жорықтық погондар жорықтық формаға арналды. Екі погонның да өлшемі бірдей: ені 6 см, ұзындығы 14-16 см (киім өлшеміне байланысты), бірақ юстиция, ветеринарлық, медициналық қызметтердің погонының ені 6 см емес 4,5 см. Жұлдызшалардың диаметрі кіші офицерлер үшін 13мм, аға офицерлер үшін 20мм.


Командалық құрам үшін күнделікті погондар әскер түрлері бойынша күміс белгілері мен жұлдызшалары бар; ал техникалық, әкімшілік, интенданттық құрам үшін, медициналық қызмет, юстиция үшін – алтын жұлдызшалары мен белгілері бар күміс; ветеринарлық қызмет үшін – алтын жұлдызшалары мен күміс белгілері бар күміс.

Жаяу әскердің (мотоатқыштар) белгілері болған жоқ. Погондардың жиегі мен жолақтары әскер түрлері бойынша түсте.

Түстері: жалпыәскери, жаяу әскер, мотоатқыштар, интенданттар – қызыл күрең; артиллерия, бронетанкілік әскер, медициналық және ветеринарлық қызмет – қызыл; авиация – көгілдір; атты әскер – көк; барлық техникалық әскерлер – кара;

1943 жылдың 14 ақпанында КСРО НКО-ң № 79 бұйрығымен әскери-әкімшіліктік құрамның офицерлеріне медициналық қызметтің офицерлерінікіндей погондар енгізілді, бірақ ешқандай белгісіз.

Барлығына арналған жорықтық погондар әскер түрлері бойынша түрлі-түсті жиегі бар хаки түсті шұғадан жасалған.




1 – интенданттық қызметтің кіші лейтенанты, 2 – артиллерия лейтенанты, 3 – бронетанкілік әскердің аға лейтенанты, 4 – авиация лейтенанты, 5 – атты әскер майоры, 6 – инженерлік әскерлердің подполковнигі, 7 – жаяу әскер подполковнигі, 8 – ветеринарлық қызметтің лейтенанты, 9 – аға әскери заңгер (кейінірек юстиция майоры).

**Сурет 56 – 1943 жылғы кіші және аға офицерлердің күнделікті погондары**

Жиегінің түсі: жалпыәскери, жаяу әскер (мотоатқыштар), интенданттық қызмет – қызыл күрең; артиллерия, бронетанкілік әскер, медициналық және ветеринарлық қызмет – қызыл; авиация – көгілдір; атты әскер – көк; барлық техникалық әскерлер – қара.

Жолақтар: командалық құрам үшін күрең қызыл түсті; интенданттар, техникалық құрам, юстиция, ветеринарлық, медициналық қызмет үшін қоңыр [53].

Жұлдызшалар барлығында күміс. Командалық құрам мен ветеринарлық қызмет үшін белгілер күміс; интенданттар, техникалық құрам, юстиция, медициналық қызмет үшін алтын.



1 – медициналық қызметтің кіші лейтенанты, 2 – интенданттық қызметтің кіші лейтенанты, 3 – бронетанкілік әскерің аға лейтенанты, 4 – авиация капитаны.

**Сурет 57 – 1943 жылы кіші офицерлердің далалық погондары**

Офицерлердің салтанатты мундирлерінің жағасында қосымша айырым белгілері ретінде әскер түрлері бойынша түсте ілмектер болды (жалпыәскердің, жаяу әскер, интенданттық қызметтің – қызыл күрең; артиллерия, бронетанкілік әскер, барлық техникалық әскер – қара; авиация көгілдір; атты әскер – көк; медициналық және ветеринарлық қызмет – жасыл). Ілмектердің үстіне металл жұқа тақтай (планка) бекітілді. Біреу – кіші офицерлер, екеу – аға офицерлер үшін. Командалық құрам үшін жұқа тақтайдың (планка) түсі күміс ирегі бар алтын болды. Басқалары үшін алтын ирегі бар күміс болды.



1-интенданттық қызметтің кіші офицерінің салтанатты мундиріне арналған ілмек, 2-артиллерияның (танкист, техникалық әскер) аға офицерлердің ілмегі.

**Сурет 58 – 1943 жылғы ілмектерге жұқа тақтайшаның (планка) бекітілуі**


Сонымен қатар, қосымша айырым белгілері ретінде салтанатты мундирлердің жеңінің қайырмасына алтын металдан (командалық құрам үшін) жасалған немесе күміс түсті (қалғандарына) «катушка» бекітілді. Кіші офицерлер үшін жеңге бір катушка, аға офицерлер үшін екі катушка бекітілді [54].



1-орта командалық құрам, 2-жоғары командалық құрам, 3-генерал.

**Сурет 59 – Катушка**

1947 жылы КСРО Қарулы Күштері Министрінің № 4 бұйрығымен запасқа немесе отставкаға кеткен офицерлердің погондарына алтын (күміс) жапсырма енгізіледі. Оны олар әскери форманы кигенде тағуға міндетті. Жоғарыдағы суретте запасқа кеткендердің, төменде отставкаға кеткендердің погондары. 1949 жылы бұл жапсырмалар жойылды.



1-генерал, 2-аға офицер.

**Сурет 60 – 1947 жылғы запасқа немес отставка кеткен офицерлердің погоны**

*Жоғарғы командалық және басқарушы құрам (жоғарғы офицерлер).* 1943 жылдың қаңтарында Қызыл әскерде атақтар бойынша айырым белгілердің соңғы түбірлі өзгерісі болды – погондар енгізілді. Бұл айырым белгілер Қызыл әскер (Кеңес) 1991-1993 ж. болғанға дейін өмір сүреді. Погонның түсі, түрі, жұлдызшалардың орналасуы өзгереді, бірақ жалпы атақтар бойынша әскери қызметкерлерді айыру жүйесі өзгермейді

Погонның өлшемдері, түрі, суреті патшалық әскердің погонын толығымен қайталады, алайда жұлдызшалардың орналасуы басқаша болды. Мысалы, жұлдызшалары жоқ погондардан толығымен бас тартты (1917 ж. төңкеріске дейін генерал погондарында жұлдызшалар болған жоқ). Погондар 1943 жылдың 6 қаңтарында КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен енгізілді. 1943 жылдың 15 қаңтарында НКО-нің № 25 бұйрық шығарды [55]. Онда погонның түрі, түсі, өлшемі, погондағы айырым белгілері нақтыланды.

Бұл бұйрықпен генералдар үшін погонның екі түрі енгізілетіні анықталды – күнделікті және жорықтық. Күнделікті погондар салтанатты және күнделікті форма үшін арналды, жорықтық погондар егер ол жорықтық ретінде қолданылса күнделікті-жорықтық форма үшін арналды. Екі погонның да өлшемі бірдей: ені 6,5 см, ұзындығы 14-16 см (киім өлшеміне байланысты), бірақ юстиция, ветеринарлық және медициналық қызметтің генералдары үшін ені 4,5 см, ұзындығы

6,5 см. Жұлдызшалардың диаметрі 22 мм, юстиция, ветеринарлық және медициналық қызмет генералдары үшін 20 мм.

Командалық құрамның генералдары үшін күнделікті погондар белгілері жоқ күміс тігілген жұлдыздары бар алтын (кейінірек артиллерия генералдары погондарына артиллериялық белгілер алады); техникалық, әкімшілік, интенданттық құрам үшін – белгілері жоқ алтын жұлдыздары бар күміс; ветеринарлық қызмет үшін – алтын жұлдыздары, күміс белгілері бар күміс; медициналық қызмет, юстиция үшін – алтын жұлдыздары мен белгілері бар күміс. Погондардың жиегі әскер түрлері бойынша түсте. Түстері:

- жалпыәскери, жаяу әскер, артиллерия, бронетанкілік әскер – ал қызыл;
- авиация – көгілдір;
- барлық басқа әскерлер мен қызметтер – қызыл күрең.



1 – Кеңес Одағының маршалы, 2 - әскер генералы, 3 – жаяу әскер, артиллерия, танкілік әскер генерал-полковнигі, 4 – техникалық

әскердің генерал-лейтенанты, 5 – авиация генерал-майоры, 6 – корпәскеризангер (кейінірек юстиция генерал-лейтенанты), 7 – медициналық қызметтің генерал-майоры.

### **Сурет 61 – 1943 жылғы жоғарғы офицерлердің погондары**

1943 жылдың 4 ақпанында «авиация маршалы», «артиллерия маршалы» мен «бронетанктік әскер маршалы» атақтары енгізілді. Осыған байланысты оларға айырым белгілері енгізіліп, Кеңес Одағы маршалының айырым белгілері өзгертіледі. Авиация, артиллерия, бронетанкілік әскер маршалдарының погондарына сол әскер түрлерінің белгілері тігілді [56].

1943 жылдың 8 ақпанында КСРО НКО-ң № 61 бұйрығымен артиллерияның барлық генералдарына кестеленген артиллериялық белгі түріндегі белгілер погондарына енгізіледі.

1943 жылдың 14 ақпанында КСРО НКО-ң № 79 бұйрығымен техникалық құрамның генералдарына күміс погондар жойылып, қызыл күрең оқасы бар алтын погондар енгізіледі.



1 – Кеңес Одағының маршалы, 2- артиллерия маршалы, 3- авиация маршалы, 5-бронетанкілік әскердің маршалы.

### **Сурет 62 – 1943 жылында № 51 бұйрығымен маршалдардың погондарына өзгерістер енгізілуі**

1943 жылдың 9 қазанында КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президумының Жарлығымен «авиацияның бас маршалы», «артиллерияның бас маршалы», бронетанктік әскердің бас маршалы»,

«инженерлік әскердің маршалы», «инженерлік әскердің бас маршалы», «байланыс әскерінің маршалы», «байланыс әскерінің бас маршалы» атақтары енгізілді.

26 қазанда КСРО НКО-ң № 305 бұйрығымен маршалдар үшін жаңа айырым белгілері енгізіледі [57]. Бұл бұйрық бойынша әскер түрлері маршалдарының жұлдыздарының өлшемдері кішірейіп, ал бас маршалдардың жұлдыздары өрілген шеңбермен қоршалады.



1 – артиллерияның басты маршалы, 2 – авиацияның басты маршалы, 3 – бронетанкілік әскердің басты маршалы, 4 – байланыс әскерінің басты маршалы, 5 – инженерлік әскердің басты маршалы.

**Сурет 63 – 1943 жылы №305 бұйрығымен маршалдардың погондарына өзгерістер енгізілуі**

*Кеңес Әскерінің 1955-92 жылдардағы әскери шенінің айырым белгілері.* 1943 жылы егізілген әскери белгілер Кеңес үкіметі құлаған уақытқа дейін болды. Тек азырақ өзгертулер енгізіліп отырды.

1955 жылы көзге шалынарлық бірінші өзгерту болды. Желтоқсанда КСРО ҚМ-ң № 225 бұйрық бойынша түрлі түсті далалық погондар алынып тасталды. Оның орнына погонның ортасына әскердің қандай түрінен шыққандығын білдіретін эмблема болды. Погонның шетіне қарай шен айырым белгілері орналасты. Қоңыр және қоюқызыл түсті жолақтар қызыл түске ауысты. Бұл погондар күнделікті-далалық деп аталды. Мундирдегі сары жолақтар мен эмблемалардағы өзгерістер байқалды. Кавалерияның әскер қатарынан шығып қалуына байланысты көк погондар қатардан шығып қалды.

1955 жылы офицерлердің дала погондары түсті шет-шеттеріне бірдей түске ауысты. Погондардағы аралықтардың түсі де өзгерді.

1956 жылы КСРО ҚМ-ң № 25 бұйрық бойынша генералдар мен маршалдардың жұлдызшалары алтын түстес болды.

1958 жылы офицерлердің киім үлгісі өзгергендіктен, погондардың түсі жасыл болып өзгерді. Жұлдызшалар алтын және күміс түстес болып өзгерді.

1963 жылы «Старшина» шенінің айырым белгілері өзгерді. Жуан жолақ тігілетін болды. 49-суретте мотоатқыштар әскерінің старшинасының шерулік погоны көрсетілген (1955-1962).



**Сурет 64 – Мотоатқыштар әскерінің старшинасының шерулік погондары**

Ортада 1963 жылығы старшина погоны. Оң жақта жалпы әскери училищесінің оқушының погоны (1963 ж.). Бас курсанттарда барлық киімдерінде осы погондар. Жасыл қорғаныш түстес погонда қызыл жолақ тігілген старшиналардың күнделікті-дала погондары.

1970 жылы сарбаздарға, сержант, курсанттарға киім үлгісі өзгергендіктен, погондардың үш түсі ғана қабылданды: жалпы әскерлер мен мотоатқыштарға қызыл, әуе әскері – көк, қалғандарына қара. Погондардағы аралықтар түсі - әуе әскеріне көк, қалғандарына қызыл түсті болды. Генералдар киімі мен тігіс жолақтарына екі түс: көк, қызыл қабылданды.

1973 жылы сарбаздар мен сержанттарға «СА» литеры ғана енгізіліп қолданылды. Флотқа «СФ», «ТФ», «БФ», «ЧФ» литерлары қабылданды. Ішкі әскер мен шекара әскеріне «ВВ», «ПВ», «ГВ». Курсанттарға «К» погоны енгізілді. Сарбаздар мен сержанттардың

погондары мен түйме ілгіштеріне сары түс жолатылды. 52-суретте мотоатқыштар әскерінің кіші сержант погондықорсетілген.



**Сурет 65 – Мотоатқыштар әскерінің кіші сержант поғоны**

1972 жылы Президиум Указымен сержанттар мен офицерлер арасында «прапорщик және мичмандар» шені араласты. Әскерде «прапорщик» деп қана қолданды [58]. Шерулік погондары шахмат суретті болады. Мотоатқыштарда қызыл, әуе әскерінде көк, қалғандарына қара түсті. Күнделікті погондары сол сурет, тек жасыл түсті болады. Екі жұлдызша және эмблема шерулік киімде алтын түстес және күнделікті погонда жасыл. Сурет 51 көрсетілгендей.



**Сурет 66 – Прапорщик және мичмандар погон үлгісі**

1980 жылы «Прапорщик пен мичмандар» қатарына «аға прапорщик» шені қосылады. Ол тік тағылған үш жұлдызша тағады.

Президиум Указы бойынша әскер генералдарының шенін айырым белгілері өзгерді. 4 тік тағылған генерал жұлдызшасының орнына маршалдардікіндей жалпақ жұлдыз тағылды. Жалпы әскер

эмблемасы тігілді. 54-суретте сол жақта әскер генералының жаңа шерулік киім үлгісі, оң жақта күнделікті-дала киім үлгісі. Шинельде погон ашық сұр түсті болады. Галстукқа маршал жұлдызы тағылды.




1 2


1-әскер генералының жаңа шерулік киім үлгісіне, 2-күнделікті-дала киім үлгісіне.

#### **Сурет 67 – 1980 жылғы генералдың погоны**

КСРО ҚМ-ң № 85 бұйрық бойынша офицерлердің сұр погондары алынып тасталып, тек қана алтын түстес погондар мен жұлдызшалар қабылданды.



1 2 3



1- Генерал-лейтенант, 2- Подполковник, 3- Лейтенант, 4- Пропорщик, 5- Аға сержант, 6- Қатардағы жауынгер.

**Сурет 68 – 1985 жылғы далалық киім үлгісіне (афганка) арналған погондар**

1985 жылы күрте пішінді «афганка» атты киім үлгісі енгізілді. Погондардың түсі күртенің түсіне байланысты болды. Сержанттарға жасыл жолақтар тігілді, генералдарға алынып-салынатын жасыл погондар берілді. Жұлдыздар жасыл жібек жіппен тігілді. Офицерлер погондарында ешбір аралық жасалмай, тек жұлдызша арқылы ерекшеленді.

1988 жылы КСРО ҚМ-ң № 250 бұйрық бойынша сарбаздар, сержанттар, курсанттарға кительсіз жасыл түсті көйлек киюге рұқсат етілді. Осыған байланысты погондардың жаңа үлгілері енгізілді. Офицерлер мен генералдарға мундирсіз ақ түсті киюге рұқсат етілді [59]. Осы көйлектерге әуе әскеріне ақ погон көк аралық жолақпен, қалғандарына ақ погон қызыл аралық жолақпен енгізілді.





1- Генерал-лейтенант, 2- Мотоатқыштар әскерінің лейтенанты, 3- Танк әскерінің прапорщигі; Жасыл түсті көйлектерге арналған погондар: 4- Мотоатқыштар әскерінің ефрейторы, 5- Жалпы әскери училищаның курсанты.

**Сурет 69 – 1988 жылғы көйлектерге арналған погондар ақ көйлектерге арналған погондар**

***1970-88 жылдардағы Кеңес әскерінің түрлерінің эмблемелары.***

1970 жылы солдаттар, сержанттар мен курсанттардың киім үлгісінде өзгерістер болды. Олар ең бірінші рет шерулік киім үлгісін киеді. Костюм мен шалбар түрде келетін, бәтеңкемен киетін киім үлгісі.

Күнделікті-дала киімі де өзгерді. Гимнастерканың орнына матадан тігілген китель киілді.

Офицер киімі көп өзгеріске ұшырай қоймады. Тігісі, үлгісі еш өзгермеді, гимнастерканың орнына тік жағалы китель киілді. Шерулік киім түсі өзгерді. Түрлі-түсті погондар, ілгіштер алынып тасталды. Тек үш түс ғана енгізілді: қызыл, қара, көк.

Қызыл түс. Мотоатқыштар әскерінің солдаттары мен сержанттарының погоны, фуражкалардың маңдайшаларының шеттері, офицерлер погонын жолақтары, шалбардың жандары.

Қара түс. Әуе әскері, десанттары, мотоатқыштар әскерінен басқаларында ілгіштер мен фуражка маңдайшасының шет түсі.

Көк түс. Әуе әскері мен десанттардың сержанттары солдаттары мен курсанттарының погондары, ілгіштер, фуражка маңдайшаларының шеті.

Генералдар мен маршалдарға да үш түс ғана қалдырылған: қызыл, ашық қызғылтым, көкшіл.

Фуражканың шеті, шалбардың лампалы, погондардың шет-шеті қызыл түсті болғаны ол артиллерия, танк әскері, десанттар үшін, ол қызылтым қалған әскер түрлеріне арналды.

Дала мундиріне қорғаныш жасыл түсті арналған. әскерлердінтүрлеріне эмблематика енгізілді. Эмблемалар погондардан түйме ілгішке түседі, тек офицер көйлек-кителінде қалады. Дала киімінде эмблема жасыл түсті, қалған киімдерде алтын түстес болады (ветеринарлар мен интенданттар күміс эмблема таққан).

Эмблеманың жаңа түрі-жеңге тағылатын эмблемалар енгізілді. Негізгі қатты матадан 9x6 см болып тігіледі. Түсі қара, қызыл, көкшіл. Жең эмблемалары погоннан төмен шынытқыққа дейін орналасады. Солдаттар мен сержанттар, курсанттар шерулік және шинель киім үлгісінде осы эмблеманы тағады, ал десанттар күнделікті-дала киімдерінде тағады.



1- Жалпы әскери эмблема, 2- Әуе күштері, 3- Әуе десант әскері, 4- Танк әскері, 5- Артиллерия, 6- Медициналық бөлімше, 7- Ветеринарлық бөлімше, 8- Инженерлік бөлімі, 9- Автомобиль жүргізушілер әскері, 10- Темір жол және байланыс бөлімі, 11-

Радиотехникалық байланыс бөлімі, 12- Әскери топографиялық қызмет, 13- Интенданттық қызмет, 14- Химиялық қорғаныс әскері, 15- Құрылысшы және әскери-құрылысшылар отряды, 16- Барлық бөлімдер музыканттары, 17- Әскери құқық органы, 18- Әуе техникалық қызмет, 19- Жанармай және құбырлар бөлімі.

### **Сурет 70 – Әскери бөлімдердің ілгіштегі эмблемалары**

Эмблема тағудың негізгі принципі әскери бөлімдердің қай түрінен, қай бөлімшеден шыққанын білу үшін. Әскери адамның қандай қызмет ететінін де білдіреді. Танк полкының автомобилінің жүргізушісі болса, қара погон мен ілгіш, танк әскерінің жең эмблемасын, ілгіштерінде автомобиль әскерінің эмблемасы болады деген мысал келтіруге болады. Офицерлерге де осындай тәртіпті орнатылды.

Осы уақытта химиялық қорғаныс әскерінің эмблемасы енгізілді. Инженерлік бөлімнің де эмблемасы өзгерді.

Осы кезде жанармаймен қамтамасыз ететін әскери бөлім ашылып, оның да эмблемасы болды.

**1988-91 жылдардағы Кеңес әскерінің эмблема түрлері.** Жол әскерінің эмблемалары 1970 жылы жаңа форма киімімен енгізілді, ал әскери қызметкерлер эмблема 1988-91 жылдар киілген. өзгеше енгізілді. КСРО ҚМ-н №250 4наурыз 1988 жылғы бұйрық бойынша тек қана оның барын, әскер түрін растады. 1955 жылы өзгертілген эмблема үшін жол әскеріне жаңа эмблема енгізді, және авиация-техникалық құрамның эмблемасын қайтарды. Жол әскерінің эмблемасы сол кездегі КСРО-нің жетекшісі КОКП ОК-ның бас хатшысы М. Горбачевтың «Дороги России» атты бағдарламасының арқасында жарияланды. Бұл бағдарлама Қарулы Күштердің мойнында болды. Осы жол құрылысын орындау үшін, жаңа жол құрылысшылар батальондары мен бригадалар құрыла бастады, оларға жаңа «Жол әскері» атты эмблемалар енгізді. Бұлар инженерлер әскерінің құрамына кірмейді.

Бұл бұйрыққа эмблемалар түсі тек алтын немесе жасыл болуы анықталды (барлық киім түріне, тек далалыққа ғана емес). Әскери қызметкерлердің жеңдегі белгісі, погоны, фуражқасы, салтанатты-шығатын мундирлері, ілшектерін мамандығына, лауазына, әскери қызметіне қарай келеді. Мысалы, авиациялық бөлімнің машина

жүргізушісі көк ілшектер киеді, авиациялық жеңдегі белгі, машиналық әскерлердің эмблемасының ілшегінде орналасқан. Парашют десант қызметінің басшысы, инженер штурман барлығы қар ілшек және әуе десант әскерінің эмблемасын тағады.

Өзгеше тәжірибе авиацияда әуе десанттың күштерде болды, олар өзінің мамандығына қарамастан барлығы көк ілшекпен, авиациялық эмблеманы немесе әуе-десанттық эмблема таққан.

Егерде формада ілшек болсада тек сол кезде эмблеманы погонға таққан (көйлек, қысқы куртқа).

1988 жылдың 4 наурызында №250 бұйрығы бойынша ілшектің 4 түсі анықталды: ал қызыл – жылпы әскер және мотоатқыштар әскері; көк – авиация, әуе десанттық әскер; қара – басқа барлық әскер түрлері күнделікті, салтанатты шығып басқа әскери қызметкерлерінің формаларында ілшектер алтын түсті жиектерімен болды (тек жазғы пальто мен шинель үшін), ілшектер параметрі-мм түрінде болды, өлшемдері 3х6 барлық формалар үшін, тек шинельге ғана 5х9 см.



1- Кеңес Одағының маршалының пальтосындағы ілшек, 2- Авиация генералының пальтосындағы ілшек, 3- Алтын жиекті жалпы әскери ілшек, 4- Танктың ілшек, 5- Далалық ілшек.

**Сурет 71 – Жаға тұсына тағылатын ілшектер**



1- Мотоатқыштар бөлімі, 2- Авиация бөлімі, 3- Танктік бөлімі, 4- Өуе десант әскерінің бөлімдері, 5- Теміржол әскерінің бөлімі, 6- Инженерлік әскерлер бөлімдері, 7- Ракеталық әскер және артиллерия бөлімдері, 8- Химиялық қорғаныс бөлімі, 9- Жол әскери бөлімі, 10- Автомобиль бөлімі, 11- Құрылысшы әскер бөлімі мен әскери құрылысшылар отряды, 12- Құбыр әскерінің бөлімі, 13- Байланыс және радиотехникалық әскери бөлімі, 14- Әскери топографиялық бөлім, 15- Дәрігерлер және мал дәрігерлік бөлімі (батальоны, госпиталь, клиника, поликлиника), 16- Әскери оркестр, ансамбль, театр.

**Сурет 72 – Жең эмблемалары**

Юстиция үшін жеңдік белгі енгізілген жоқ, өйткені әскери юстиция мүлдем жоқ (полктар, батальондар).

Бұл эмблематика КСРО аяғына дейін ыдырамай. 1992 жылы Қазақстан әскері жаңа форма енгізілді, соған сәйкес жаңа эмблематикада пайда болды. Бірақ ілшектік эмблемалар 2000 жылы өте кең қолданылды, оларды алып тастағанына жеті жыл өтсе де. Негізінен оларды көп жағдайда солдаттар мен сержантар кісе, ал курсанттарда сирек, ендігі офицерлер болса өте сирек кездесетін.

Кеңес әскерінде айырым белгілердің болуы – ЖШҚӘ дамуымен тікелей байланысты. Бұл екі әскерлер жалпы Қызыл әскерге жатады. Оның уақытша құрылған әскері – ЖШҚӘ, ал одан кейін II дүниежүзілік соғыстың басталуымен Кеңес әскері құрылды. Кеңес әскеріндегі ерекше атап кететін жайт бұл погондардың қайта пайда болуы және бір тоқтамға келуі. Бұл мынадай сұрақ туады. Неге Қызыл әскерінде бірден погондар енгізілмеді? Өйткені дерекөздеріне сүйенсек, ЖШҚӘ құрылған кезде және айырым белгілерді енгізетін кезде мынадай түсінік болды: «Ресей патшалығы құлады ма, ендеше сол кезде болған погондарда артта қалу керек». Бірақ, бұл сол кездегі түсінік қана, ал Кеңес әскерінің енгізген себебі оның ыңғайлығы өз алдына, әскерге патриоттық рух беру үшін енгізілді. Осыдан соң ешқандай өзгерістер болмаған. Кеңес үкіметі құлай бастағаннан кейін Кеңес әскеріде ыдырай бастады. Әр ел өзінің әскерін құрып, әр түрлі айырым белгілерін тағайындап енгізді.

## **2 Қазақстан Республикасының әскеріндегі айырым белгілерінің XVIII-XX ғғ. әскери айырым белгілерінен ерекшеліктері**

### **2.1 Қазақстан әскерінің құрылуы**

Қоғамды қайта құрудағы маңызды және неғұрлым өткір мәселелердің бірі — Қарулы Күштердің тағдыры болып саналады. Бұлай болуы заңды да, өйткені армия — мемлекеттің тағдырын, ішкі тұрақтылығын, қазіргі әлемдегі орны мен маңызын айқындайтын құралдардың бірі.

1991 жылы 25 қазанда ҚР ҚК Президентінің Жарлығы бойынша Қазақ КСР-інің Мемлекеттік Қорғаныс комитеті құрылып, кейіннен Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығына сәйкес ҚР ҚК Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды. ҚР ҚК басшылықты ҚР Президенті — Жоғарғы Бас қолбасшы жүзеге асырады, ал тікелей басқару — ҚР ҚК Қорғаныс министріне жүктеледі. Қазақстанның алғашқы Қорғаныс министрі болып армия генералы С.Қ. Нұрмағамбетов тағайындалды.

Кез келген мемлекетте Қарулы Күштердің құрылуы, ең алдымен, ұлттық мүддеге негізделеді. Бұрынғы Одақтың әскери бірлігінің ыдырауында Қазақстан бастамашы болған жоқ, керісінше ол соңғы кезеңге дейін біртұтас болу идеясын, ал кейіннен Достастықтың Бірлескен Қарулы Күштері болуын жақтады. Бұрын КСРО құрамына, содан соң ТМД-ға кірген мемлекеттер өз қарулы күштерін құрғаннан кейін Қазақстан да өз Қарулы Күштерін құру туралы шешім қабылдады. Оның жылнамасы 1992 жылдың 7 мамырынан басталады. ҚР ҚК Президентінің «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығына сәйкес әскерлерді тиімді басқару мен алға қойған міндеттерді шешу үшін республиканың Қорғаныс Министрлігі құрылды. Оның юрисдикциясына Қазақстан аумағында орналасқан барлық әскерлер кірді.

1993 жылдың 9 сәуірінде қабылданған «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мен қорғанысы» туралы, 1993 жылдың 19 қаңтарында қабылданған «Жалпыға ортақ әскери міндеттер мен әскери қызметтер туралы», 1993 жылдың 20 қаңтарында қабылданған «Әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі

мен әлеуметтік қорғалуы туралы» заңдар пакетіне сәйкес, мемлекетімізде әскери құрылыстың нормативті-құқықтық базасы құрылды.

1992-1998 жылдар ішінде Қарулы Күштерді қайта құрып, 1999 жылдан бастап, оны түбегейлі реформалауға көшті.

Экономикадағы қиыншылық, әскери реформаның нарықтық қатынасқа көшуі жағдайында Қорғаныс министрлігінің құрылымы, Қарулы Күштердің түрлерін басқару органдары қалыптасты, армияның құрылымы мен саны анықталды, Қарулы Күштердің қызметі мен құрылуы туралы негізгі құқықтық құжаттар даярланды.

Қорғаныс министрлігіне бұл мемлекеттік институтты материалдық жағынан қамтамасыз ету мен құрылымы бойынша ұйымдастыру мәселелерін шешуге тура келді. Әскерді тікелей басқару және ТМД мемлекеттері Қорғаныс министрлігі мекемелерімен бірлесе отырып басқару жүйесі жасалып, әскерге медициналық қызмет көрсету, оларды материалдық-техникалық, қаражатпен қамтамасыз ету мәселелері шешілді.

Бүгінде Қазақстан өз азаматтарының әскери қызметін өтеу шарттары мен тәртібін дербес анықтайды, республика аумағында қару-жарақ пен техниканы, әскерлерді орналастыру мәселелерін шешеді.

Егемен елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қарулы Күштердің құрылымы мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әскерлердің сапалық параметрлерін деңгейлеп көтеру, бөлімдерді әскери техника және қару-жарақтың жаңа үлгілерімен қайта жабдықтау, әскерлерді шұғыл, жауынгерлік және жұмылдыру дайындығы іс-шараларын толыққанды өткізу арқылы жүзеге асырылатынын атап етуіміз қажет [60].

Республика Президенті, еліміздің Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Н.Ә.Назарбаев Республиканың Қауіпсіздік Кеңесі мәжілісінде сөйлеген сөзінде: «Бізге егемендігімізді қорғау мүддесін кез келген жағдайлардағы әрекеттерге дайын, жаттықтырылған, жоғары жинақтылықтағы осы заманға сәйкес армия қажет», — деп атап көрсетті.

ҚР ҚК әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары мыналар:

1) егемендікті сыйлау, мемлекеттік шекаралардың бұзылмауы, басқа мемлекеттердің аумақтық тұтастығын сақтау және олардың ішкі ісіне араласпаушылық;

2) әскери салада айқындылық пен сенімділік шараларын нығайту;

3) халықаралық дау-жанжалдарды бейбіт жолмен реттеу;

4) халықаралық міндеттемелер мен ҚР ҚК қатысушы болып табылатын келіс сөздердің өз мақсатына жетуі үшін ықпал ету;

5) өзара түсінушілік және өзара тиімді ынтымақтастық негізінде барлық елдермен достық қарым-қатынас орнату;

6) бейбітшілікті қалпына келтіруді қолдау, әскери қақтығыстардың алдын алуға бағытталған жалпы және аймақтың қауіпсіздік жүйелерін құруға қатысу.

Дипломатиялық және басқа да бейбіт шаралар соғыс пен әскери қақтығыстарды болдырмауға әр уақытта толық кепілдік бере алмайды. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев Республиканың бейбітсүйгіш сыртқы саясатына ерекше көңіл аудара отырып, қарулы қақтығыстардың ешқандай пайда әкелмейтіндігін бүкіл әлемнің түсінгендігіне үміт артатынымызды, десек те, саналы держава басқа мемлекеттердің құр уәде беруіне ғана емес, сонымен қатар өз елінің күш-қуатына да сенетінін ұмытпау керектігін айтты.

Дербес қорғаныс құрылысын жүзеге асыра отырып, ҚР ҚК өз қауіпсіздігін, сондай-ақ ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімшартқа қол қойған ТМД мемлекеттерінің мүддесін де басшылыққа алады.

ҚР ҚК Президенті Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен ұжымдық қауіпсіздікті нығайту, басқа державалармен өзара тиімді, достық және ынтымақтастық саясаты жүргізіліп отыр. Сонымен қатар ҚР ҚК ретінде табысты қызмет ететін өзінің қорғаныс жүйесін құру мен оны жетілдіруді көздейтін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүйесі іске асырылуда. Тек Қарулы Күштер ғана өзінің мақсаты мен мазмұны жағынан басқыншылық әрекеттерге қарсы күрестің нақты құралы болып саналады. Кез келген басқа мемлекеттер сияқты, Қазақстан да өзінің қорғаныс қабілетін ұстап тұруы маңызды мемлекеттік қызметтің бірі және бүкілхалықтық іс деп есептейді. Қарулы Күштерді құрудың алғашқы күндерінде-ақ Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Біздің негізгі мақсатымыз — Қазақстанның егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау» — деп, оның рөлін атап көрсетті.

ҚР ҚК мақсаты, құрамы және міндеттері. Әскери доктринаға сәйкес, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың басты мақсаты — елді сыртқы агрессиядан және басқа да соғыс қатерлерінен қорғау. Сондай-ақ ҚР ҚК халықаралық міндеттемелерінен туындайтын міндеттерді орындау. ҚР ҚК бейбіт кезеңде: әскери басқару органдарын, әскердің түрлерін, арнайы әскерлердің бөлімшелерін, тыл және әскери оқу орындарын, әскери ғылыми мекемелерді қамтиды. Соғыс уақытында Қарулы Күштердің құрамына: Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі әскерлері, Республикалық ұлан, Азаматтық және аумақтық қорғанысты басқару мен құру органдары кіреді.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскердің үш түрінен және Қорғаныс министрлігіне тікелей бағынатын жекелеген әскер түрлерінен тұрады.

Қарулы Күштердің түрлеріне Құрлық әскері, Әуе-қорғаныс күштері және Әскери-теңіз күштері жатады.



1



2



3



4

1- ҚР ҚК құрлық әскерлері, 2-ҚР ҚК Әуе күштері, 3- ҚР Әскери-теңіз күштері, 4- ҚР ҚК аэроұтқыр әскерлері

### **Сурет 73 – Әскер түрлері бойынша тулар**

*Құрлық әскерлерінің* құрамында бірнеше әскер түрлері және арнайы әскер бөлімдері бар. Олардың қолданысында қарудың алуан түрлері, ұрыстық және өзге де әскери техникалар көп.

Соңғы онжылдықта Жер шарының әр жерлерінде орын алып жатқан әскери қақтығыстар Құрлық әскерінің маңыздылығын арттыра түсті. Құрлық әскерінің көмегімен жаудың шабуылына тойтарыс беріп, оған ракета, авиация, кеме арқылы ес тандырап соққы жасауға болады. Дегенмен бұл жерде Құрлық әскерінің атқаратын қызметі ерекше.

Аймақтық басқармалар аумақтық қызметтері бойынша құрылған. Олардың жауапкершілік аумағы мынадай:

— «Астана» — Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары. Басқару штабы Қарағанды қаласында орналасқан.

— «Шығыс» — Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары. Басқару штабы Семей қаласында орналасқан.

— «Батыс» — Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары. Басқару штабы Ақтөбе қаласында орналасқан.

— «Оңтүстік» — Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары. Басқару штабы Тараз қаласында орналасқан.

Құрлық әскеріне мотоатқыштар, танк және артиллерия әскері; арнайы әскерге инженерлік, химиялық, байланыс, радиотехникалық, автомобильді әскерлер жатады.

*Аэроұтқыр әскерлер.* Олар құрлықтағы әскермен өзара тығыз байланыс орната отырып, аэроұтқыр күштер бөлімдерінде болады. Оларды «қанатты жаяу әскер» деп атайды және маңызды аудандарды басып алу, әскер келгенше сол аумақты ұстап тұру, жаудың штабы мен тылын жоюға арналған іс-шараларға қатысады.

Аэроұтқыр күштер жүктелген міндеттерді орындау үшін олардың қолданысында қазіргі заманғы қарулардың, жаңа техникалардың барлық түрі бар. Десантшыларды тасымалдау және түсіру үшін арнайы ұшақтар мен тікұшақтар қолданылады.

Ракетамен жабдықталған әскерлер және артиллерия. Ракетамен жабдықталған әскерлер және артиллерия жауды атқылау арқылы жоюға арналған негізгі құрал болып табылады, сондай-ақ жаудың басты әскерлері топтастырылған, авиациясы орналасқан жерлерді, тылды және өзге де маңызды нысандарын ядролық және химиялық қарулармен шабуылдауға арналған.

Осы күндері әскери істегі ғылыми-техникалық прогрестің артуының нәтижесінде арнайы әскерлердің рөлі едәуір артты. Қазір ол бөлімдерде қызмет ету үшін жас сарбаздар білімді де білікті, тәртіпті, ұстамды, ал дене дайындықтары жоғары деңгейде болуы керек.

*Әуе-қорғаныс күштері.* Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе-қорғаныс күштері еліміздің әуе кеңістігін қорғайтын маңызды құралдарының бірі болып табылады. Олардың құрамына әуеден қорғау әскерлері және Әскери-әуе күштері жатады.

Әуеден қорғау әскерлері (ӘҚӘ) тіпті бейбіт күндердің өзінде еліміздің әкімшілік және экономикалық орталықтарын қорғау, жаудың әуеден шабуылдауынан қорғауға жауапты.

Әскери-әуе күштері. Қуатты ракетамен, пулеметпен қаруланған және заманауи радиоэлектронды құрылғымен жабдықталған реактивті, дыбыстан жылдам авиация Әскери-әуе күштерінің негізін құрайды.

Әскери-әуе күштері шептік, армиялық және әскери-транспорттық авиациядан тұрады. Олар өз міндеттерін орындау үшін түрлі мақсаттағы ұшақтарды қолданады: барлау, тасымалдау, жойғыш, бомбалап-жойғыш ұшақтар және тікұшақтар.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің авиациясы заманауи техникамен жабдықталғандықтан, олар жаудың шабуылына тойтарыс бере алады, құрлықтағы әскерді әуеден қолдап, өзге де күрделі міндеттерді шешуге қабілетті.

*Әскери-теңіз күштері.* Әскери-теңіз күштері Каспийдің қазақстандық секторындағы Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын және экономикалық тұрғыдағы мәселелерін, сонымен қатар өзен-көлдерін қорғауға, теңізде жүргізілетін барлық іс-шараларды және ұрыс түрлерін жүргізуге арналған.

Қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі шекара әскерлері және шекара қызметінің теңіз күштері отрядтарынан тұрады және оларда мынадай бес аймақтық басқарма бар: «Оңтүстік», «Солтүстік», «Шығыс», «Батыс» және «Жағалау күзеті».

## **2.2 Қазақстан әскерінің айырым белгілері және оның маңыздылығы**

Әрбір әскери қызметшіге тиісті әскери атақ беріледі. Әскери атақтар беру жеке түрде олардың қызметтік жағдайына, әскери немесе арнаулы дайындығына, қызмет атқарған жылдарына, ҚР ҚК түріне, әскер тегіне қатыстылығына, сондай-ақ Отан алдындағы сіңірген еңбегіне қарай жүзеге асырылады. Әскери атақтар әскерлік және кемелік деп бөлінеді. ҚР ҚК әскери қызметшілері үшін киім нысанының қажетті түрлері белгіленеді. Әскери киім нысанын киіп жүру құқығына барлық әскери қызметшілер, сондай-ақ жиынға шақырылған әскери міндеттілер, запастағы азаматтар немесе отставкадағылар және қызметтен босатылғандар ие болады. Әскери

киімнің саны ҚР Қорғаныс министрлігі бекіткен ережелерге қатаң сәйкестікте киіледі.

ҚР ҚК әскери қызметшілерінің нысанды киіміндегі айырым белгілер олардың жеке әскери атағын, ҚР ҚК түріне, әскер тегіне қатыстылығын, ал курсанттардың қызмет жылын көрсетеді. Оларға погондар мен жағабелгілер, кеуде және жеңдік белгілер, бас киімдердегі, погондар мен ілмектердегі белгілер, канттар жатады.

***Әскери нысанды киімге әскери атақтары бойынша погондар.***

Погондар, ілмектер мен шағын погондар мыналарға бөлінеді: арналуы бойынша - ерекше салтанатты, салтанатты, күнделікті, далалық және жұмыс киім-кешегі үшін; бекіту тәсілі бойынша - жапсыра тігілетін, алмалы-салмалы (муфталарда).

Погондар мен шағын погондардың көлемдері: жапсыра тігілетін және алмалы-салмалы погон - ұзындығы 10,0-16,0 см, ені 5,0 см; алмалы-салмалы погондар (муфталарда) - ұзындығы 10,0-13,0 см, төменгі жиегі бойынша ені 5,5 см, жоғарғы жиегі бойынша - 5,0 см; шағын погондар - ұзындығы 5,0 см, ені 5,0 см.

*Жоғарғы Бас қолбасшысы және Маршал.* Салтанатты погондардың негізіне алтын түстес ұлттық өрнектің бейнесі орналастырылады, күнделікті погондардың негізі - алтын түстес көмкерілген.

Әскери қызметшілер погондарының негізі көмкерілген. Көмкерме ені - 2 мм. Погонның жиегінен көмкерме жиегіне дейінгі арақашықтық - 2 мм.

ҚР ҚК Жоғарғы Бас қолбасшысының погондарына погонның ортасындағы осьтік сызығы бойына - алтындатылған зер және жібек жіппен (далалық погондарына - қорғаныш немесе қара түсті жібек жіппен) кестеленген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі орналастырылған. Оның диаметрі - 35 мм, погонның төменгі жиегінен Елтаңбаның ортасына дейінгі арақашықтық - 60 мм. Сонымен қатар ҚР ҚК Жоғарғы Бас қолбасшысында – алтындатылған зер және жібек жіппен (далалық погондарда - қорғаныш немесе қара түсті жібек жіппен) алтын түстес қалықтап ұшқан қыран кестеленген. Погонның төменгі жиегінен қыранның төменгі жиегіне дейінгі арақашықтық 8 мм [1].



1-1997-2013 жж. салтанатты киім нысанына, 2-1997-2006 жж. шерулік-бір киерлікке, 3-1997-2006 жж. күнделікті киім нысанына, 4-1997-2013 жж. салтанатты киім нысанына (көйлекке), 5- 2006-2011 жж. күнделікті китель киім нысанына және сарғыш түсті жейдеге (көйлекке), 6- 1997-2006 жж. қорғаныш түсті свитерге, 7- 1997-2006 жж. далалық киім нысанына, 8- 2006-2011 жж. маусымдық күртешеге, свитерге, 9- 2006-2009 жж. далалық киім нысанына, 10- 2011ж. бастап енген күнделікті пальтоға, кительге, 11- 2011ж. бастап енген свитерге, қысқы күртешеге, маусымдық плащқа.

**Сурет 74 – 1997-2013 жж. ҚР ҚК Жоғарғы Бас қолбасшының погондары**

ҚР ҚК маршалдың погондарына погонның жоғарғы жағындағы осьтік сызығы бойына - алтындалатылған зер және жібек жіппен, ал далалық погондарына - қорғаныш немесе қара түсті жібек жіппен кестеленген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі орналастырылады. Оның диаметрі - 32 мм. Погондағы

Елтаңбаның төменгі жағында алтындатылған зер жіппен жұлдыз диаметрі - 35 мм және жиектері қызыл жібек жіппен кестеленген. Сонымен қатар маршалда – алтындатылған зер және жібек жіппен (далалық погондарда - қорғаныш немесе қара түсті жібек жіппен) алтын түстес қалықтап ұшқан қыран кестеленген. Погонның төменгі жиегінен қыранның төменгі жиегіне дейінгі арақашықтық 8 мм [6].



1-салтанатты киім нысанына, 2-шерулік-бір киерлікке, 3-күнделік киім нысанына.

### **Сурет 75 – 1997-2005 жж. ҚР ҚК маршалдың погондары**

*Жоғары офицерлер құрамы.* Жоғары офицерлер құрамының (адмиралдардан басқа) погондарына әскери атағына сәйкес погонның ортасындағы осьтік сызығы бойына алтындатылған зер жіппен кестеленген алтын түстес жұлдыздар орналастырылады, қызыл түсті көмкерме (авиацияда және Аэроұтқыр әскерлерінде - көгілдір түсті көмкерме) салынған немесе оларсыз, погонның төменгі жиегінен жұлдыздың ортасына дейінгі арақашықтық 30 мм («генерал-майор» әскери атағында - 55 мм), погон бойындағы жұлдыздар орталықтарының арақашықтығы - 25 мм. Кестеленген жұлдыздардың диаметрі - 22 мм.


Погондардың төменгі бөлігіне мыналар орналастырылған – алтындатылған зер жіппен алтын түстес қалықтап ұшқан қыран кестеленген. Погонның төменгі жиегінен қыранның төменгі жиегіне дейінгі арақашықтық 8 мм.


Адмиралдардың погондарына әскери атағына сәйкес жұлдыз ортасындағы қара түсті бесбұрышта орналасқан алтын түстес зәкірлері бар погонның осьтік сызығы бойына орналастырылған сұр немесе қара түсті сәулелерге салынған алтындатылған зер жіппен кестеленген жұлдыздар орналастырылады. Погондарға сары немесе қара түсті көмкерме салынған, погонның төменгі жиегінен бірінші жұлдыздың ортасына дейінгі арақашықтық 30 мм («контр-адмирал» әскери атағында - 55 мм), погон бойындағы жұлдыздар орталықтарының арақашықтығы - 25 мм.

ҚР ҚК, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына әскери қызметшілердің тиістілігін көрсететін жеңдегі белгілерді (оң жақ жеңі) тиісті мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекітеді.

Әскери-теңіз күштерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі теңіз бөлімдері корабльдік құрамының адмиралдарының әскери атақтары бойынша жеңдегі айырым белгілері - алтын түстес оқалар.


Оқалар берілген әскери атақтарына сәйкес: адмиралдарда - бір жалпақ және одан жоғары үш орташа; вице-адмиралдарда - бір жалпақ және одан жоғары екі орташа; контр-адмиралдарда - бір жалпақ және одан жоғары бір орташа [2].





1-1997-2013 жж. армия генералы, салтанатты киім нысанына, 2-1997-2006 жж. генерал-лейтенант, шерулік-бір киерлікке, 3-1997-2006 жж. генерал-майор, күнделік киім нысанына, 4-1997-2013 жж. генерал-полковник, салтанатты киім нысанына (жейдеге), 5- 2006-2011 жж. генерал-лейтенант, күнделікті кительге, плащқа және пальтоға, 6-генерал-майор, қорғаныш түсті свитерге, 7- 1997-2006 жж. армия генералы, далалық киім нысанына, 8- 2006-2009 жж. генерал-лейтенант, далалық киім нысанына, 9- 2011 ж. бастап енген генерал-лейтенант, күнделікті кительге, 10- 2011 ж. бастап енген генерал-полковник, свитерге, қысқы күртешеге, маусымдық плащқа.


**Сурет 76 – 1997-2013 жж. ҚР ҚК армия генералдарының погондары**





1-адмирал, салтанатты тужуркаға және пальтоға, 2-вице-адмирал, ақ түсті тужуркаға, 3- контр-адмирал, күнделік киім нысанына, 4-контр-адмирал, ақ көйлекке, 5- контр-адмирал, ақ сары түсті көйлекке, 6- контр-адмирал, қара түсті свитерге, 14-2006-2009 жж. контр-адмирал, далалық киім нысанына.

**Сурет 77 – 1997-2013 жж. ҚР ҚК әскери-теңіз флотының жоғарғы офицерлік құрамның погондары**



1-Адмирал, (салтанатты тужуркаға), 2-Вице-адмирал, (ақ түсті тужуркаға), 3-Контр-адмирал, (күнделікті тужуркаға).

**Сурет 78 – 1991-2013 жж. Адмиралдардың жеңдегі айырым белгілері**

*Аға офицерлер құрамы.* Аға офицерлер құрамының погондарына алтын түстес металл жұлдыздар орналастырылады, жұлдыздар

диаметрі - 20 мм. Жұлдыздар әскери атағына сәйкес орналастырылады:

- полковниктерде (1-дәрежелі капитандарда) - үш жұлдыз, олардың төменгі екеуі погонның осьтік сызығы бойы мен жиегі арасындағы ортада екі жағынан орналастырылған, погонның төменгі жиегінен жұлдыз ортасына дейінгі арақашықтық - 35 мм, үшінші жұлдызы - погонның осьтік сызығы бойына алғашқы екеуінен жоғары, погон бойындағы жұлдыздар орталығының арақашықтығы - 25 мм;


- подполковниктерде (2-дәрежелі капитандарда) - екі жұлдыз, погонның осьтік сызығы бойы мен жиегі арасындағы ортада екі жағынан орналастырылған, погонның төменгі жиегінен жұлдыз ортасына дейінгі арақашықтық - 35 мм;

- майорларда (3-дәрежелі капитандарда) — бір жұлдыз, погонның осьтік сызығы бойына орналастырылған, погонның төменгі жиегінен жұлдыз ортасына дейінгі арақашықтық - 55 мм.

Погондардың төменгі бөлігіне мыналар орналастырылған (аға офицерлер құрамында) – ені 5 мм екі көлденең жолақ, погонның төменгі жиегінен жолақтың төменгі жиегіне дейінгі арақашықтық - 8 мм, жолақтар арасындағы арақашықтық - 2 мм және бұл жолақтардың түсі көмкерме түсі бойынша.

ҚР ҚК, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына әскери қызметшілердің тиістілігін көрсететін жеңдегі белгілерді (оң жақ жеңі) тиісті мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекітеді.

Әскери-теңіз күштерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі теңіз бөлімдері корабльдік құрамының офицерлерінің әскери атақтары бойынша жеңдегі айырым белгілері - алтын түстес оқалар.






1-1997-2006 жж. салтанатты киім нысанына, 2-күнделік киім нысанына, 3- салтанатты киім нысанына (жейдеге), 4- күнделік киім нысанына (жейдеге), 5-2006-2013 жж. полковник, салтанатты мундирға және пальтоға, 6-2011 ж. бастап енген подполковник, күнделікті кительге, 7-Майор, ақ түсті жейдеге

**Сурет 79 – 1997-2013 жж. ҚР ҚК аға офицерлердің погондары**

Оқалар берілген әскери атақтарына сәйкес: бірінші дәрежелі капитандарда - бір жалпақ; екінші дәрежелі капитандарда - төрт орташа; үшінші дәрежелі капитандарда - үш орташа [3].



1-салтанатты киім нысанына, 2-күнделік киім нысанына, 3- ақ көйлекке, 4-үшінші дәрежелі капитан, күнделікті тужуркаға, күртешеге және пальтоға

**Сурет 80 – 1997-2013 жж. Әскери-теңіз флотының аға офицерлік құрамның погондары**

*Кіші офицерлер құрамы.* Кіші офицерлер құрамының погондарына алтын түстес металл жұлдызшалар орналастырылады, жұлдызшалардың диаметрі - 13 мм. Жұлдызшалар әскери атағына сәйкес орналастырылады:

- капитандарда (капитан-лейтенанттарда) - төрт жұлдыз, олардың төменгі екеуі погонның осьтік сызығы бойы мен жиегі арасындағы ортада екі жағынан орналастырылған, погонның төменгі жиегінен жұлдыз ортасына дейінгі арақашықтық - 30 мм, үшінші және төртінші жұлдызы - погонның осьтік сызығы бойына алғашқы екеуінен жоғары, погон бойындағы жұлдыздар орталығының арақашықтығы - 20 мм;

- аға лейтенанттарда - үш жұлдыз, олардың төменгі екеуі погонның осьтік сызығы бойы мен жиегі арасындағы ортада екі жағынан орналастырылған, погонның төменгі жиегінен жұлдыз ортасына дейінгі арақашықтық - 30 мм, үшінші жұлдызы - погонның осьтік сызығы бойына алғашқы екеуінен жоғары, погон бойындағы жұлдыздар орталығының арақашықтығы - 25 мм;


- лейтенанттарда - екі жұлдыз, погонның осьтік сызығы бойы мен жиегі арасындағы ортада екі жағынан орналастырылған, погонның төменгі жиегінен жұлдыз ортасына дейінгі арақашықтық - 30 мм.

Погондардың төменгі бөлігіне мыналар орналастырылған (кіші офицерлер құрамында) – ең 5 мм бір көлденең жолақ, погонның төменгі жиегінен жолақтың төменгі жиегіне дейінгі арақашықтық - 8 мм және жолақтың түсі көмкерме түсі бойынша.

ҚР ҚК, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына әскери қызметшілердің тиістілігін көрсететін жеңдегі белгілерді (оң жақ жеңі) тиісті мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекітеді.

ӘТК-нің, ҰҚК Шекара қызметі теңіз бөлімдері корабльдік құрамының офицерлерінің әскери атақтары бойынша жеңдегі айырым белгілері - алтын түстес оқалар.

Оқалар берілген әскери атақтарына сәйкес: капитан-лейтенанттарда - екі орташа және одан жоғары бір жіңішке; аға лейтенанттарда - екі орташа; лейтенанттарда - бір орташа және одан жоғары бір жіңішке [5].




1 2 3 4



5 6 7

1- 1997-2013 жж. салтанатты киім нысанына, 2- қорғаныш түсті свитерге, 3- 1997-2006 жж. далалық киім нысанына, 4-2006-2011 жж. аға лейтенант, свитерге және маусымдық күртешеге, 5-2006-2011 жж. капитан, күртешеге және сарғыш түсті жейдеге, 6-2006-2009 жж. лейтенант, далалық киім нысанына, 7-2011 ж. бастап енеген аға лейтенант, свитерге, қысқы күртешеге, маусымдық плащқа

**Сурет 81 – 1997-2013 жж. ҚР ҚК кіші офицерлердің погондары**



1 2 3 4

1- салтанатты киім нысанына, 2- ақ сары түсті көйлекке, 3- қара түсті свитерге, 4-2006-2009 жж лейтенант, далалық киім нысанына

### Сурет 82 – 1997-2013 жж. ӘТФ-ның кіші офицерлік құрамның погондары

*Прапорициктер мен мичмандар.* «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны және айырым белгілері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қыркүйегіндегі № 215 бекітілген Жарлығында былай белгіленген:

Иық белгілер тағылады:

- шерулік және шерулік-бір киерлік киім нысаны кезіндегі пальто мен мундирға – алтын түстес;



1-салтанатты киім нысанына, 2- салтанатты киім нысанына, 3- күнделік киім нысанына, 4- салтанатты киім нысанына (жейдеге), 5-

күнделік киім нысанына (жейдеге), 6- қорғаныш түсті свитерге, 7- далалық киім нысанына

**Сурет 83 – 1997-2005 жж. жылғы ҚР ҚК пропорщиктердің погондары**

- қорғаныш түсті жейдеге, күнделікті пальтоға, күнделікті кительге, жазғы пальтоға, күртешеге, свитерге – қоңыр-қорғаныш түстес;

- ақ түсті жейдеге – ақ түсті;

- далалық киім-кешекке – бүркемелеу түстес.

Әскери теңіз бөлімдерінің мичмандар мен прапорщиктер құрамның иық белгілері мынадай:

- шерулік және шерулік-бір киерлік тужуркаға, пальтоға – алтын түстес;

- күнделікті тужуркаға, күртешеге, пальтоға – қара түсті;

- ақ түсті жейдеге – ақ түсті;

- ақсары түсті жейдеге – ақсары түсті [4].



1

2

3



4

5


6

1-салтанатты киім нысанына, 2- салтанатты киім нысанына, 3- күнделік киім нысанына, 4- ақ көйлекке, 5- ақ сары түсті көйлекке, 6- қара түсті свитерге.

**Сурет 84 – 1997-2005 жж. ӘТФ-ның мичмандар погондары**

*Сержанттар мен старшиналар құрамы.* Келісімшарт бойынша және әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін сержанттардың (старшиналардың), сарбаздардың (матростардың) погондарына әскери атағына сәйкес жапсырмалар орналастырылады: шебер-сержанттарда (шебер-старшиналарда) - екі жалпақ және бір жіңішке жапсырма; штаб-сержанттарда (штаб-старшиналарда) - екі жалпақ жапсырма; бірінші сыныпты сержанттарда (бірінші сыныпты старшиналарда) - бір жалпақ және үш жіңішке жапсырма; екінші сыныпты сержанттарда (екінші сыныпты старшиналарда) - бір жалпақ және екі жіңішке жапсырма; үшінші сыныпты сержанттарда (үшінші сыныпты старшиналарда) - бір жалпақ және бір жіңішке жапсырма; аға сержанттарда (бас старшиналарда) - бір жалпақ жапсырма; сержанттарда (бірінші сатылы старшиналарда) - үш жіңішке жапсырма; кіші сержанттарда (екінші сатылы старшиналарда) - екі жіңішке жапсырма; ефрейторларда (аға матростарда) - бір жіңішке жапсырма.

Қатардағы жауынгерлердің (матростардың) погондарында әскери атақтары бойынша айырым белгілері көрсетілмейді.





1-1997-2006 жж. салтанатты киім нысанына, 2-күнделік киім нысанына, 3- салтанатты киім нысанына (жейдеге), 4- 1997-2006 жж. қорғаныш түсті свитерге, 5- далалық киім нысанына, 6-2006-2013 жж. мастер-сержант, салтанатты мундирге және пальтоға, 7-2006-2009 жж. аға сержант, далалық киім нысанына, 8-2006-2011 жж. бірінші дәрежелі сержант, күнделікті кительге және пальтоға, 9- 2011 жылдан бастап енген штаб-сержант, күнделікті кительге.


**Сурет 85 – ҚР ҚК келісімшарт бойынша сержанттарының және сарбаздарының погондары**





1- 1997-2066 жж. бірінші дәрежелі старшина, 2-1997-2006 жж. бас кеме старшинасы, ақ көйлекке, 3-1997-2006 жж. екінші дәрежелі старшина, шеруге және күнделікті нысанды киімге (матростар және одан жоғары), 4- 2006-2011 жж. шебер-старшина, салтанатты тужуркаға және пальтоға, 5-2006-2011 жж. штаб-старшина, тужуркаға және ақ түсті жейдеге, 6-2006-2011 жж. бірінші сыныпты старшина, күнделікті тужуркаға, күртешеге және пальтоға, 7-2006-2011 жж. екінші сыныпты старшина, ақ сары түсті жейдеге, 8-2006-2011 жж. үшінші сыныпты старшина, свитерге, маусымдық күртешеге, 9-2006-2009 жж. бас старшина, далалық киім нысанына, 10- 2011 ж. бастап енген шебер-старшина, салтанатты тужуркаға, 11- 2011 ж. бастап енген штаб-старшина, ақ түсті тужуркаға, 12- 2011 ж. бастап енген үшінші сыныпты старшина, свитерге, қысқы күртешеге, маусымдық плащқа.

**Сурет 86 – ӘТФ келісімшарт бойынша және әскерге шақыру бойынша сержанттарының және сарбаздарының погондары мен шағын погондары**



1-Бас старшина, көк түсті фланельден тігілген нысанды жейдеге, 2-Бірінші сатылы старшина, ақ түсті нысанды жейдеге, 3-Екінші сатылы старшина, көк түсті жұмыс жейдесіне, 4-Аға матрос, ақ түсті нысанды жейдеге, 5-Матрос, көк түсті фланельден тігілген нысанды жейдеге

**Сурет 87 – 1997-2013 жж. ӘТК, кемелік құрамы бойынша старшиналары мен матростарының погондары мен шағын погондар**

*Жоғары әскери оқу орындарының курсанттары.* Орта және жоғары әскери оқу орындары курсанттарының погондарына – «К» әрпі, жапсырмалар әскери атағына сәйкес орналастырылады: аға сержанттарда - бір жалпақ жапсырма; сержанттарда - үш жіңішке жапсырма; кіші сержанттарда - екі жіңішке жапсырма; ефрейторларда - бір жіңішке жапсырма.

Қатардағы жауынгерлер мен курсанттардың погондарында әскери атақтары бойынша айырым белгілері көрсетілмейді.


Әскери-теңіз күштері, ҰҚК Шекара қызметінің теңіз бөлімдері орта және жоғары әскери оқу орындары курсанттарының погондарына (шағын погондарына) - зәкір, жапсырмалар әскери атағына сәйкес орналастырылады: бас старшиналарда - бір жалпақ жапсырма; бірінші сатылы старшиналарда - үш жіңішке жапсырма; екінші сатылы старшиналарда - екі жіңішке жапсырма; аға матростарда - бір жіңішке жапсырма.

Матростар мен курсанттардың погондарында әскери атақтары бойынша айырым белгілері көрсетілмейді.



1-1997-2006 жж. салтанатты киім нысанына, 2-1997-2006 жж. күнделік киім нысанына, 3-1991-2006 жж. далалық нысанды киімге, 4-2006-2011 жж. аға сержант, пальтоға, курсант, кительге, 5-2006-2009 жж. курсант далалық нысандық киіміне, 6-2011 ж. бастап енген аға сержант, пальтоға, 7- 2011 ж. бастап енген бірінші сатылы старшина, 8- 2006-2011 жж. бас старшина.

**Сурет 88 – Әскери оқу орнындағы курсанттардың погондары**






1-бас старшина, 2-бірінші сатылы старшина, 3-екінші сатылы старшина, 4-аға маторс, 5-курсант.

**Сурет 89 – 1997-2013 жж. ӘТК, орта және жоғары оқу орындары курсанттарының погондары**

**Далалық киім-кешегіне әскери атақтары бойынша ілмектер, кеудедегі және жеңдегі жапсырмалар.**

ҚР ҚК, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің далалық киім-кешегіне әскери атақтары бойынша (2011 жылғы) кеудеге және жеңге жапсырмалар орналастырылып көрсетіледі: әскери атағы көрсетілген кеуде белгілері - бүркеніш түсті матадан жасалған тікбұрышты. Жапсырмалар ені - 3,5 см, ұзындығы - 13 см; далалық киім-кешектің сол жақ жеңіне жапсыра тігілетін әскери атағы бойынша жеңдегі жапсырмалар геометриялық нысанда болады. Биіктігі бойынша жапсырманың көлемі - 7,2 см, ені бойынша - 8,5 см, бүркеніш түсті.






1-ҚР ҚК Жоғарғы Бас қолбасшысы, 2-Генерал-полковник, 3-Полковник, 4-Екінші сыныпты сержант.

**Сурет 90 – 2011 ж. бастап енген далалық киім-кешегіне әскери атағы бойынша жапсырмалар**

**Далалық киім-кешегіне әскери атақтары бойынша ілмектер.**

Әскери атағы көрсетілген ілмектер - бүркеніш түсті матадан жасалған төртбұрышты. Ілмектер ені - 4 см, ұзындығы - 7 см.





3

4

1-ҚР ҚК Жоғарғы Бас қолбасшысы, 2-Генерал-полковник, 3-полковник, 4-Бірінші сыныпты сержант.

**Сурет 91 – Далалық киім-кешегіне әскери атағы бойынша ілмектер**

**ҚР ҚК, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің жеңдегі белгілерге – жапсырмалар, шеврондар, тігістер жатады.**

ҚР ҚК Жоғарғы Бас қолбасшысының шевроны, сондай-ақ әскери қызметшілердің Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға тиістілігін көрсететін, киім-кешектің (жейдеден және свитерден басқа) сол жақ жеңінің сыртқы жағына жапсыра тігілетін шеврондар қалқан түрінде болады.

Шевронның көлемі: биіктігі бойынша – 90 мм, ені бойынша - 75 мм. Шеврон жиегінің, ондағы жазулар мен суреттің түсі - алтын түстес [7]. Шеврондарды безендіру: ҚР ҚК әскери қызметшілерінде қызыл түсті жұлдыз, жұлдыз ортасында алтын түстес күн және оның астында қалықтап ұшқан қыран (ҚР ҚК нышаны) бейнеленген. Жоғарғы бөлігінде — «ҚАЗАҚСТАН», төменгі бөлігінде – «ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ» деген жазу, жұлдызша және айшықты бидай масағы.



1

2

3



1-1997-2013 жж. әскери-теңіз күштерінің салтанатты тужуркаға, 2-1997-2006 жж. далалық нысанды киіміне, 3-1997-2011 жж. салтанатты және күнделікті нысанды киіміне, 4-2006-2009 жж. далалық нысанды киіміне, 5- 2011 ж. бастап енгізілген салтанатты және күнделікті киіміне, 5-2009-2013 жж. далалық нысанды киіміне.

**Сурет 92 – Әскери қызметшілердің жеңіндегі жалпыәскери белгілер**

*Әскери қызметшілерінің бас киімдеріндегі кокардалар, эмблемалар, тігістер мен жапсырмалар.*

ҚР ҚК Жоғарғы Бас қолбасшысы, жоғары, аға және кіші офицерлер құрамы, келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін сержанттар (старшиналар) мен сарбаздар (матростар) үшін:

- салтанатты және күнделікті фуражкаларға арналған эмблемасы бар кокарда қызыл түсті жұлдызды білдіреді, жұлдыздың ортасында ені бойынша жартылай сопақша нысанды лавр бұтақшаларымен айшықталып көмкерілген алтын түстес күн мен оның үстіңгі жағында қалықтап ұшқан қыран. Эмблемасы бар кокарда негізі фуражка төбесіндегі мата түсіндегі алтын түстес металл қосылған, жұлдыз бен қыран жібек, лавр бұтақшалары алтындатылған зер жіппен, жиегі көмкермемен төбесіндегі мата түсіндегі жіппен кестеленген (аға және кіші офицерлер құрамы, келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін сержанттар мен сарбаздар үшін - алтын түстес зер жіп).

- күнқағары бар малақайларға арналған кокарда – жартылай сопақша нысанды. Көгілдір негізде бесбұрышты жұлдыз түрінде түсті металл қоспасынан жасалады, оның астында алтын түстес қалықтап ұшқан қыран. Кокарданың жиектері алтын түстес күн сәулесі түрінде жасалған.

- далалық фуражжаларға арналған кокарда тек қорғаныш түсті болады.



1-Жалпыәскери құлақшынына, пилоткасына кокарда, 2-Жалпыәскери далалық фуражқасына кокарда, 3-Жалпыәскери салтанатты және күнделікті фуражжаларына эмблемасы бар кокарда, 4-Әскери-теңіз бөлімдерінің салтанатты және күнделікті күнқағарсыз фуражқасына, құлақшынына эмблемасы бар жұлдыз, 5-Әскери-теңіз бөлімдерінің салтанатты және күнделікті фуражжаларына эмблемасы бар кокарда.

**Сурет 93 – 2011 ж. бастап енгізілген, әскери қызметшілерінің бас киімдеріндегі кокардалар**

*Фуражканың төбесіндегі белгілер.* Әскери қызметшілердің салтанатты және күнделікті фуражжалардың төбесіндегі эмблема диаметрі 48 мм ҚР ҚК Мемлекеттік елтаңбасы түрінде алтын түстес алюминий қоспасынан жасалады. Ал, Әуе қорғанысы күштері мен Аэроұтқыр әскерлері әскери қызметшілерінің салтанатты және күнделікті фуражжаларының төбесіндегі эмблема қанат түрінде алтын түстес алюминий қоспасынан жасалады. Ортасында қанаттың үстіңгі

жағында бесбұрышты жұлдыз орналастырылады. Эмблеманың көлемі: ұзындығы - 65 мм, биіктігі - 26 мм.



1



2



3



4

1-Жалпыәскери 1997-2010 жж., 2- ӘҚК мен Аэроұтқыр әскерлерінің салтанатты және күнделікті фуражкаларының төбесіне арналған эмблема 2006-2010 жж.3- 2011 ж. бастап енгізілген ҚР ҚК Жоғарғы Бас қолбасшысының және Шекарашылар әскеріне арналған салтанатты және күнделікті фуражкаларына төбесіндегі эмблема, 2-2011 ж. бастап ӘҚК мен Аэроұтқыр әскерлерінің салтанатты және күнделікті фуражкаларының төбесіне арналған эмблема.

**Сурет 94 – Әскери қызметшілерінің фуражкаларының төбесіндегі алюминий қоспасынан жасалған және тігісті эмблемалары**

ҚР ҚК Жоғарғы Бас қолбасшысының, Шекара қызметшілердің салтанатты және күнделікті фуражкаларының төбесіндегі эмблема

диаметрі 48 мм ҚР ҚК Мемлекеттік Елтаңбасы түрінде алтын түстес жібек және металл жіп негізінде кестеленген.


ӘҚК мен Аэроұтқыр күштері әскери қызметшілерінің салтанатты және күнделікті фуражкаларының төбесіндегі эмблема қанат түрінде алтын түстес жібек және металл жіп негізінде кестеленген. Ортасында қанаттың үстіңгі жағында бесбұрышты жұлдыз орналастырылады.

*Беретке арналған жапсырмалар.* Матадан жасалған алтын түстес көмкермесі бар көгілдір түсті беретке жапсырма қалқан түріндегі нысанда болады және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері (Кадет корпусының тәрбиеленушілерінен басқа) беретінің сол жағына жапсыра тігіледі. Жапсырмалардың көлемі: биіктігі - 50 мм, ені - 40 мм.



1-Қарулы Күштер, 2-ӘҚК, 3-Аэроұтқыр әскерлері, 4-Әскери-теңіз бөлімдері, теңіз жаяу әскерлері бөлімдері, ҰҚК Шекара қызметінің теңіз бөлімдері.

**Сурет 95 - Әскери қызметшілерінің беретіне жапсырма**



Сурет 96 – Әскери айырым белгілердің даму деңгейі және дамуына қосқан әскерлердің үлесі

Қазақстан әскеріндегі айырым белгілердің маңыздылығы – оның әскери құрылымын ерекшелеп айыру үшін анықталып отыр. Яғни, әскери басқару жүйесінің күрделілігінің арқасында әскери айырым белгілер қазіргі уақытта құнды болып отыр.

